№2
(7897)

18 қаңтар,
Сейсенбі,
2022 жыл.

uil-gazet@mail.ru

# Ойыл

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930 жылдың қараша айынан бастап шығады.

# МАЛ-ЖАНЫҢ АМАН БА?

**«МАЛ БАҚҚАНҒА БІТЕДІ», - ДЕЙДІ ДАНА ХАЛҚЫМЫЗ. РАСЫНДА БАҚПАСА МАЛ ӨСПЕЙДІ. «АЛДЫҢҒЫ АЙЫЛДЫҢ БАТҚАНЫН, ИЕСІ БІЛМЕС, АТ БІЛЕР», - ДЕМЕКШІ, БІЗ МАЛЫМЫЗ АУЫРА ҚАЛСА, ОНЫ ӘП ДЕГЕННЕН БІЛЕ АЛАМЫЗ БА? МАЛ АРАСЫНДА ЖҰҚПАЛЫ АУРУ КӨП. БҰРЫН БАБАЛАРЫМЫЗ МАЛ АРАСЫНДА ІНДЕТ ТАРАМАСЫ ҮШІН АЛДЫН-АЛА ӘРЕКЕТ ЕТІП, МАЛДЫ КҮТІП-БАПТАУҒА ҮЛКЕН МӘН БЕРГЕН. ТУҒАН АЙ МЕН БАТҚАН КҮНГЕ ҚАРАП, БОЛЖАМ ЖАСАҒАН. АУЫЗЫ ДУАЛЫ АҚСАҚАЛДАРДЫҢ КЕҢЕСІНЕ ҚҰЛАҚ ТҮРІП, ҚУАҢШЫЛЫҚ ПЕН ЖҰТТАН САҚТАНҒАН. ЖҰТҚА ҰРЫНҒАН ЖЫЛДАРДА ДА, ТӨРТ ТҮЛІК МАЛДЫҢ ТҰЯҒЫН ҚАЙТА ТІКТЕП, ТІРШІЛІК КӨЗІНЕ АЙНАЛДЫРЫП ОТЫРҒАН. АУРУ-СЫРҚАУ МАЛДАРҒА ЕМДОМ ЖАСАУДА АЛДЫНА ЖАН САЛМАЙ ЖЕТІК БІЛГЕН.**



Қазір ше? Қазір, мал ауруының қай түріне болмасын дер кезінде емдік шаралар мен екпелер қолдану арқылы мал-жаныңды аман сақтап қалуға толық мүмкіндік бар. Демек, ғылым дамыды деген сөз. Бабалар болжамы келмеске кетіп, ғылыми зерттеулер тыңнан нәтиже бере бастады. Бірақ мұны да тиімді пайдалана алмайтын жандар қатарымызда жүр. Ветеринариялық шараларға немқұрайлы қарайды. Уақытында қан алдыру жұмыстарына салғырт көзқарастамыз. Мезгіл-мезгіл бойынша аурудың өршитін тұсында алдын-ала салынатын екпе салдыруға да ерініп жатамыз. Олай болмағанда, Аллаға аманат қыламыз. Бірақ, сақтанғанды сақтаймын демейді ме?! Осылайша соңында шаш етектен шығынға батамыз.

Біз негізінен ауыл шаруашылығымен айналысатын аудан болғандықтан бізге малдың амандығы маңызды. Себебі, біз үшін табыстың көзі төрт түлікте десек артық айтқандық емес. Өйткені аудан тұрғындарының тұрмыс-тіршілігі төрт түлік малмен тікелей байланысты. Ал, мал басын көбейтіп, оны асылдандыру бөлек әңгіме. Бүгінгі айтпақ ойымыз, малды түрлі жұқпалы аурулардан алдын-ала сақтау шараларына мұқият қарап, дәрігер кеңесіне дер кезінде құлақ түру. Бүгінгі күнде еліміздің кейбір өңірлерінде оқта-текте малдың жұқпалы ауруға шалдыққаны туралы естіп жүрміз. Сиыр жылының соңында Зеңгі баба төлі сырқаттанып қоштасты. Олай дейтін себебіміз, өткен жылдың соңында сиырдан ренотрохит жұқпалы ауруы шығып, індет тез арада өршіп кетті. Ренотрохит ауруы бұрын-соңды біздің аймақта кездескен емес. Ауру Берсиев ауылдық округіне қарасты Қарасу елді мекенінен бастау алды. Ат төбеліндей ауыл аталған індеттің ошағына айналды. Ветеринария саласының мамандары ауру көршілес аудандардан мал тасымалдау арқылы таралғанын анықтады. Санаулы уақытта жұқпалы мал ауруы Көптоғай, Ойыл, Ақжар елді мекендерінде де кең етек ала бастады. Қазір ауру өршіп тұр. Алға, Мұғалжар аудандарынан бастау алған індет біздің ауданға жел, ауа арқылы және малдың жем-шөбін тасымалдау немесе ауру малды тиіген көлік арқылы жетіп отыр. Бұл болжамды теріске шығаруға болмайды. Себебі, ауру малды емдеу шараларына қатысқан адамның сырт киімі арқылы ауру ошағы анықталмаған таза аулаға кірген кезде де малға бірден жұғатыны рас. Аталған аурудың емі бар. Ендеше аурудың кең таралуына байланысты дәрігер кеңесіне құлақ түрейік.

**Дәрігер кеңесі**

*«Біз ренотрохит жұқпалы мал ауруы тараған кезден бастап, оны емдеу шараларын зерттедік. Осы індет шыққан аудандармен кеңесіп, тығыз байланыс жасадық. Біздің басты міндетіміз мал басын түрлі аурулардан аман сақтау. Сондықтан біз осы кезеңде қауырт қимылдап, бұл індетті жою шараларын шұғыл жүзеге асыруымыз керек. Негізінен малдың жұқпалы ауруы адамға да қауіпті болмақ. Сол себепті, оны тез жою қажет екені түсінікті. Әйтсе де бұл індеттің адамға жұғу қаупі жоқ. Бірақ, емдік шаралары кезінде сақтану керек. Қолды сабындап жуып, малды емдегенде резина қолғап, бетіңізге бетперде таққан абзал. Ренотрохиттің емі йодталган тұзды су. Ягни ас тұзы. Суга тұзды қажетінше қосып, малдың ауыз қуысын толықтай жуу керек. Тұзды су арқылы малдың ауызын шая берсе, аурудан толықтай айыгып шыгады. Сонымен қатар, бициллин, нитокс препараттары арқылы егу қажет. Мүйізді ірі қара ауруга шалдыққанда шөп жемей қалады. Сол сәттен бастап, жогарыда айтылган емдік шараларды қолданган дұрыс. Қазіргі таңда індет өршіп тұргандықтан, біздің мамандар тұргындарга ақысыз кеңес беріп, бір жолгы емдік шарасын көрсетіп жүр»*, - дейді Ойыл аудандық ветстанция директорының орынбасары Мәлік Жұмабаев.

Біз арнайы мамандармен тілдесу барысында Батыс Қазақстан облысы Жәңгірхан атындағы университетін бітіріп, Ойыл аудандық ветстанциясында қызмет етіп жатқан Асылбек Жүсібалиевпен де арнайы сұхбаттастық. Ол қазіргі таңда ауданымызда өршіп тұрған ренотрохит жұқпалы індеті бойынша тұрғындардың малдарын емдеуде белсенділік танытып жүр. «Жас келсе іске», - демекші ол бұған дейін де ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыруда тұрғындармен тіл табысып, қызмет етуде. Оның айтуынша, қазіргі таңда оның ұялы телефонына шалынған қоңырауларда шек жоқ екен. Осыдан-ақ аурудың кең етек алғаны байқалады. Қолдан келген көмегінен аянбаған ол қазір елдің алғысын алып жүр. *«Біз қазір аурумен күресіп жатырмыз. Малды аурудан тез арада жазып алу үшін ветернариялық шаралар дер кезінде жүзеге асырылу тиіс. Сондықтан біз ауру шыққан аулага барып, емдік-шаралардың жасалуын, жолын көрсетіп береміз. Шақырту құлагымызга шалынса, шұгыл барып, кеңес беріп, қажетті дәрі-дәрмектің тізімін жазып береміз. Бірақ, оган да немқұрайлы қарайтындар бар. Қойшыдан қожайын көп болса да, қой өледі емес пе? Ендеше баршаңызды мал ауруынан алдына сақтанып, ветеринарялық іс-шараларды уақытында жүзеге асыруга шақырамын»,* - дейді.

**Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,**
**Ойыл селосы.**

## ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛІГІНЕ КОНКУРС ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Ойыл ауданының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобы Ойыл ауданының Қоғамдық кеңесінің құрамына конкурстық іріктеуден өтуге ниет білдіруші коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері және азаматтардың арасындаконкурстық іріктеу өткізілетіндігі туралы хабарлайды. Мемлекеттік органның атауы: «Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» ММ;

Пошталық мекен-жайы: 030900, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі, 43, І-қабат

Электронды пошта:
maslihat.uil@.mail.ru

Анықтамалар үшін телефондар: 2-13-70 және 2-11-78

Құжаттарды тапсыру мерзімі: 2022 жылғы «18» қаңтардан«31» қаңтар аралығында.

Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттарға қойылатын талаптар:

1. Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толған, Ойыл ауданының шегіндетұратын азаматы Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидат бола алады.

**Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидат:**

1) сотталғандығы болмауы;

2) сот заңда белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлық қылмыс және (немесе) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауда кінәлі деп танымаған болуға;

3) психикалық ауруға, алкоголизмге, нашақорлыққа немесе уытқұмарлыққа байланысты денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрмауға тиіс.

2. Конкурсқа қатысу үшін:

1) кандидатураны Қоғамдық кеңестің құрамына ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысы және (немесе) азаматтың өтініші;

2) кандидаттың өмірбаян деректерін көрсете отырып, кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер ұсынылады.

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 9-бабының 4-тармағына сәйкес, коммерциялық емес ұйым болып табылатын бір заңды тұлғадан Қоғамдық кеңеске бір ғана өкіл сайлана алады.

Коммерциялық емес ұйымдардан және азаматтардан ұсыныстар жазбаша түрде мына мекен-жай бойынша қабылданады: Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі, 43, І-қабат, сағат 08.30-дан 17.30-ға дейін, үзіліс 12.00-дан 13.30-ға дейін, белгіленген мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде мерзімде жазбаша және электронды түрде.

Конкурстық іріктеу өткізу үшін канди-датураларды ұсыну барысында, Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидат, оның «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабының талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізуге өзінің келісімін береді.

Өтініштердің нысандарымен аудандық мәслихаттың сайтында келесідей электронды сілтеме бойынша танысуға болады: http://uil-maslihat.kz

## ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА В ЧЛЕНЫ ОБЩЕСТВЕННОГО СОВЕТА УИЛСКОГО РАЙОНА

Рабочая группа по формированию Общественного совета Уилского района сообщает о проведенииконкурса среди представителей некоммерческих организаций и граждан, желающих пройти конкурсный отборв состав Общественного совета Уилского района.

Наименование: ГУ «Аппарат Уилского районного маслихата» Почтовый адрес: 030900, Актюбинская область, Уилскийрайон, село Уил, улица Курмангазина, 43, І-этаж

Адрес электронной почты:
maslihat.uil@mail.ru

Телефон для справок: 2-13-70 и 2-11-78

Срок подачи документов: с «18» января по «31» января 2022 года.

1. Кандидатом в члены Общественного совета может быть гражданин РеспубликиКазахстан, достигший восемнадцати лет, проживающий в пределах Уилского района.

**Кандидат в члены Общественного совета не должен:**

1) иметь судимость;

2) 2) быть в установленном законом порядке признанным судом виновным в совершении коррупционного преступления и (или) коррупционного правонарушения;

3) состоять на учете в организациях здравоохранения по поводу психического заболевания, алкоголизма, наркомании или токсикомании.

2. Для участия в конкурсе представляются:

3) 1) письменное предложение некоммерческой организации и (или) заявление гражданина о выдвижении кандидатуры в состав Общественного совета;

2) сведения о профессиональной и (или) общественной деятельности кандидата с указанием автобиографических данных.

4) В соответствии с пунктом 4 статьи 9 Закона Республики Казахстан «Об общественных советах», от одногоюридического лица, являющегося некоммерческой организацией, в Общественный совет может быть избрантолько один представитель.

5) Документы предоставляются некоммерческими организациями и гражданами в письменном виде по адресу:

6) 030900, Актюбинская область, Уилский район, село Уил, улица Курмангазина, 43, І-этаж, с08.30 до 17.30 часов, перерыв с 12.00 до 13.30 часов, в установленные сроки на государственном и/илирусском языках, в бумажном и электронном виде.

7) При предоставлении необходимых документов для конкурсного отбора, кандидат в члены Общественногосовета дает свое согласие на проведение в отношении его проверки на соответствие требованиям статьи 10Закона Республики Казахстан «Об общественных советах».

С формами заявлений можно ознакомится на сайте районного маслихата по следующей электронной ссылке: http://uil-maslihat.kz

## ЕЛ ТҰТАСТЫҒЫ - МЕМЛЕКЕТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде еліміздің қауіпсіздігін нығайту және қауіп-қатердің алдын алу үшін шұғыл шараларды жүзеге асыру қажеттігі мен мемлекеттік шекараны нығайтуымыз керек екендігін мәлімдеді.

«Қасіретті қаңтар» сабағы, қоғам тұтастығы - Тәуелсіздік кепілі» мәлімдемесінде, еліміздің жаңа экономикалық тұғырын қалыптастыруды мықтап қолға алуды, экономикалық саясатымызды заман талабына сай әлеуметтік бағдары бар нарықтық экономика құру және дамыту міндеттілігін және экономиканы әртараптандыру – күрделі міндет екендігін атап көрсетті. Экономиканы дамыта отырып, білімді дамытуға еркеше мән берілуі, шынайы жаңару кезеңі, жарқын болашақ кепілі екендігін.

Қазақстан президенті аумақтарға мықты мұғалімдерді тартуды және университеттерде техникалық мамандықтарға басымдық беруді, 2025 жылға дейін елде шетелдік бес университеттің филиалын ашуды тапсыруы, бұл біздің жастарымыздың білімді болуы мен қажетті мамандық иелері болуына қолдау жасауы,-деген сенімдеміз. Қазақстан халқы үшін Тәуелсіздік бәрінен қымбат. «Жаңа Қазақстанды Бірге құрайық!», - деген шақыруы ең басты байлығымыздың бағасын білейік, бірлікте болайық деп түсініп, осы ұстанымды қолдауға және жұмыла қызмет жасауға шақырамын.

**Маржан ЖОНЫСОВА,**
**Ж.Жүсібалиев атындағы**
**Ойыл қазақ орта мектебінің директоры.**

## БІЛІМДІ, САНАЛЫ ЖАС - ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ

11 қаңтар күнгі Парламент отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мәлімдемесі жастарға да артылар сенімнің мол екенін аңғартты. Әр азамат өз елінің дамуы үшін қолдан келген істі нақты ,әрі тыңғылықты орындауы қажет. Бабаларымыз айтып кеткен :

Сен жанбасаң лапылдап
Мен жанбасам лапылдап ,

Аспан қалай ашылмақ –демекші, біздің мемлекетіміздің жағдайы тек президентке ғана баийланысты емес, елдің президентті қолдап әрі қарай жоспарлы түрде жұмыс жасауы. Ханды халық қолдаса, елдің ертеңі жақсармақ. Жұмыла көтерген жүктің жеңіл болатыны бәрімізге белгілі.

Президентіміз Қасым -Жомарт Кемелұлының үндеуін, шығарған шешімін қолдап ендігі мәселе іске көшу.

Бастысы, еліміздегі екпінді жастардың тың пікірлері мен нақты ұсыныстары Президентіміз көтерген келелі мәселелерімен ұштасып, іргелі іс атқара берсе екен деймін. Ұлттық құндылықты ұлықтау жолында рухани іс-шаралар легін арттыру басты назарда. Ана тіліміздің айшығын әспеттеп, қадірін қаршадай жасқа жіті түсіндіріп, тағылым қылуға қызмет етемін.

**Аңсаған ҒАЗЕЗ,**
**Аудандық мәслихат депутаты.**

## ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАР ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ ҮШІН КЕРЕК!

Барыс жылының басы еліміз үшін үлкен сын болды. Қаңтардың 2 күні маңғыстаулықтар бастаған бейбіт шерудің аяғы 4-8 қаңтар аралығындағы еліміздің барлық аймағын қамтыған қақтығыстарға ұласты. Соның салдарынан бейбіт тұрғындар мен күштік құрылымдар қатарындағы адам шығынына алып келді. Мемлекет басшысы Қ-Ж.К.Тоқаев осы бір сын сағатта ел басына төнген қауіпті уақытында сейілтіп, батыл шешімдер қабылдады. Содырлардың әрекетін тыю мақсатында елімізге ҰҚШҰ-ның әскери күштері келтіріліп, ел бойынша төтенше жағдай жарияланды.

Осындай батыл шешімдердің арқасында қауіп сейіліп, тыныштық орнай бастады. Жаңа Үкімет қалыптастырылды. Мемлекет басшысы Парламент Мәжілісінің отырысына қатысып, жаңа Үкіметтің алдына тиісті тапсырмалар берді.

Мен де Қазақстан азаматы ретінде Президент Қ-Ж.К.Тоқаевтың Парламент Мәжілісінде сөйлеген сөзін құптаймын. Маған әсіресе шетелден әкелінетін көліктерден алынатын алымдарды мемлекеттік реттеу, техникалық мамандықтарға басымдық беру сияқты мәселелер ұнады.

Қазіргі алма-ғайып заманда әркімдердің айтағына ермей, ел бірлігін сақтау әрбір азаматтың міндеті деп білемін. Еліміз тыныш, жұртымыз аман болғай, ағайын!

**С. ҚАРТБАЕВ,**
**«Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы жанындағы экологиялық секторды дамыту қоғамдық кеңесінің төрағасы.**

## ӘЛЕУМЕТТІҢ ТАЛАБЫ ЕСКЕРІЛІП ОТЫР

Қазақстан халқы ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл үндеуін тағатсыз күтті. Өйткені «қазіргідей күрделі жағдаймен бетпе-бет келген мемлекеттің ендігі түзер бағыты қандай болмақ?» - деген сауал көптің көкейінде болғаны рас. Сондықтан Президенттің бұл мәлімдемесінің мән-маңызы алабөтен ерекше. Бұл, ең әуелі, дамудың жаңа кезеңіне аяқ басу болды деп түсінемін. Басқа түскен ауыртпалықтың сабағы да ауыр болуы заңды. Сол себепті салмақты мәселелердің ешбірі атаусыз қалған жоқ. Жайсыз да болса, күні кешегі оқиғалар кем-кетігімізді ашып бергендей. Соның бірі – күштік құрылымдарға реформаның қажет екені. Әлеумет талап еткен бағаның байлаусыздығы, жұмыссыздық, жалақы түйткілі – бәрі-бәрінің ескерілгенін көрдік.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Парламенті мәжілісінде Үкіметтің жаңа құрамын бекітті. Президент үндеуінде еліміздегі түйткілді мәселелерге байланысты бірқатар тапсырма беріліп, нақты мақсаттар қойылды. Сондай-ақ, еліміздегі эпидемиологиялық ахуалға да тоқталды.

Бүкіл әлемде коронавирус індеті өршіп барады. Біздің елімізде де күрт өсуі байқалады. Қазіргі таңда тәулігіне он мыңнан астам жаңа жағдай тіркеліп жатыр. Пандемия кезеңінде инфекциялар саны 1 миллионнан астам адамды құрады. Сондықтан босаңсуға жол бермей, коронавируспен күресудің төте жолы көпшіліктің жиналуына жол бермеу. Той, қонақты да тоқтату керек. Біздің өңірде эпидахуал құбылып тұр. Сондықтан, босаңсуға болмайды. Бұл індетпен күресуді жалғастыра береміз. Осындай қиын-қыстау кезеңде бірлігімізді көрсетіп, төтенше жағдай уақытында барлық шектеу шараларын қатаң сақтайық. Еліміздегі бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау әр азаматтың борышы екенін ұмытпаған жөн. Мемлекетіміздің өркендеу жолында бәріміз жұмылып, еңбек етуіміз керек.

**Манат НҰРТАНОВА,**
**Дәрігер-фтизиатр.**

# ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕУ - БӘРІМІЗГЕ МІНДЕТ!

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің,әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы,кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке бәріміз атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

**Ойыл аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы**

## Жолаушылар тасымалы

# БАҒАНЫ РЕТТЕУГЕ БІЗДЕ АТСАЛЫСАЙЫҚ!




Абай «Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел» - дейді. Мемлекет тұрғындардың үніне құлақ түріп, газбен мұнай өнімдерінің бағасына шекті бағаны белгіледі. Енді такси қызметінің бағасы неге төмен түспейді? Олардың осы кезге дейін айтып келген уәжі жанар-жағар майдың қымбаттығы болды. Демек, енді қызмет көрсету саласындағы бағаны бәсеке реттеу керек. Әсіресе, аудандағы қоғамдық көлік қызметі саласында. Бізде бұл қызметті негізінен жеке кәсіпкерлер атқарып келеді. Алайда, бұл салада тұтыну-шылардың тарапынан қызмет көрсетушілерге айтылар сын аз емес. Қызмет көрсету сапасы мен бағаның арасындағы айырмашылық жолаушылардың талғамы мен көңілінен шықпай тұр. Бұл атқарушы органдардың халықпен әртүрлі деңгейдегі кездесулерінде жиі көтеріліп жүрген мәселе.

Дегенмен де бүгінде халыққа қолжетімді бағамен қызмет көрсетіп жүрген такси қызметіндегілер де аз емес.

Осы орайда аудан тұрғындарына тұтынушы ретінде қолжетімді бағаны ұсынып отырғандардың қызметін тұтыну арқылы біз де бағаның бәсеке арқылы реттелуіне атсалысуға шақырамыз.

**Қ.ЫҚЫЛАС,**
**Ойыл селосы.**

# АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ 2021 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

Еліміздің өркендеуі жолында облыстық, қалалық, аудандық мәслихаттар Ата заңымызды, Президентіміздің стратегиялық даму бағдарламаларын басшылыққа ала отырып, жұмыс істеп келеді.

2021 жылдың 10 қаңтарында өткен кезекті сайлаудан кейін жетінші шақырылған Ойыл аудандық мәслихатына 11 депутат сайланды. Депутаттық корпустың жаңартылған құрамында 3 партияның өкілдері бар, соның ішінде «Nur Otan» партиясының мүшелері 9, «Ауыл» және «Қазақстан Халық партиясы» партияларынан 1 өкілден.

Депутаттық корпуста 3 әйел, депутаттардың жалпы санының 36,4 пайызын құрайды. Депутаттардың орташа жасы – 42. 7 –адам (63,6 пайыз) алғаш рет аудандық мәслихаттың депутаты болып отыр. Аудандық мәслихатқа әртүрлі саланың өкілдері кірді. Депутаттардың жалпы санының ішінде 8 адам – мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері, 2 адам кәсіпкерлік саладан және 1 адам – қоғамдық бірлестік өкілі.

Ойыл аудандық мәслихаты өз жұмысын Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының және Қазақстан Республикасының өзге де Заңдары мен нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес жүргізеді.

Аудандық мәслихаттың негізгі жұмыстары аудандық мәслихат сессиясында бекітілген жоспар мен аудандық мәслихаттың Регламентіне сай сессиялар мен тұрақты комиссиялар отырыстары арқылы атқарылады.

2021 жылы 9 сессия өткізілді, оның ішінде 5-уі кезекті және 4-уі кезектен тыс сессиялар.Сессияларда барлығы 110 шешім қабылданды және бекітілді, соның ішінде 10нормативтік құқықтық акт мемлекеттік тіркеуден өткізілді. Аудандық мәслихаттың барлық сессиялары ашық сипатта өткізіледі. Осы бағытта есепті кезеңнің қараша айынан бастап аудандық мәслихаттың сессиялары мен тұрақты комиссияларының отырыстарын Aitube отандық платформасы арқылы онлайн-трансляциялау жүзеге асырылып келеді. Сессиялар жұмысына аудан әкімі, аудан әкімінің орынбасарлары мен аппарат басшысы, аудандық бөлімдер мен басқармалар басшылары, бұқаралық ақпарат құралының және басқа да қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысып отырады.

Мәслихаттың сессияларына депутаттардың орташа қатысымы 90,9 пайызды құрады. Шақырылымның басынан бері депутаттар А.З.Ақбисенова, И.Ш.Берғалиев, Е.Ж.Жиеналин және А.Қ.Ғазез бірде-бір сессияны жіберген жоқ. Өкінішке орай, дәлелді себептермен депутаттар Н.Қ.Дәулетқалиев, Н.М.Нұрбаев және М.Б.Омарова – 1 реттен, Ж.Ж.Жақып, Б.М.Есқалиева және С.К.Сармұханов – 2 реттен сессияға қатысқан жоқ.

Сессияларға дайындық жұмыстары мен оларды сапалы өткізу мақсатында мәслихат аппаратының жауапты қызметкерлерімен нақты орындау мерзімдері белгіленіп, негізгі іс-шаралардың жоспары жасалады.

Сессияның өтетіндігі туралы ақпарат аудандық «Ойыл» газеті мен аудандық мәслихаттың ресми сайтында жариялау арқылы тұрғындарға хабарланады.

Аудандық мәслихаттың сессияларында аудан көлеміндегі маңызды мәселелер қаралып, тиісті шешімдер қабылданады.

*Сессияларда қаралған маңызды мәселелер:*

аудандық мәслихат хатшысын сайлау, аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларын құру, олардың төрағаларын сайлау, «Nur Otan» партиясының депутаттық фракциясын тіркеу, аудандық мәслихаттың регламентін бекіту, Ойыл ауданының 2021-2025 жылдарға арналған Аумақты дамыту бағдарламасын бекіту, аудан әкімі орынбасарының ауданда агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамыту мәселелері жөніндегі есебі, ауданда ветеринариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру жұмыстары туралы, 12 елді мекеннің бас жоспарын бекіту, 2021-2023 жылдарға арналған аудандық, ауылдық бюджеттерді нақтылау, 2020 жылғы аудандық және ауылдық бюджеттердің атқарылуы туралы аудан әкімі мен ауылдық округ әкімдерінің есептері туралы, аудандық маңызы бар «Ойыл-Қараой» автомобиль жолын орташа жөндеу жобасына жасалған жобалық сметалық құжаттамасына түзетуді мақұлдау туралы, Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы аудан әкімі А.Қ.Қазыбаевтың есебі туралы, аудандық мәслихаттың білім, мәдениет, денсаулық сақтау, құқық тәртібі және жастар саясаты мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі туралы, Аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 1 маусымдағы №192 «Ойыл ауданының жергілікті қоғамдастық жиналысының Регламентін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу, Ойыл ауданы бойынша 2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы және басқаларды. Сессиялардағы тиісті лауазымды тұлғалар есеп беріп, хабарламалар жасалды.

Сонымен қатар, өткен 2019-2020 жылдарда мәслихат сессиясында қабылданған шешімдердің орындалуы алдын-ала тұрақты комиссия отырысында талқыланып, мәслихат сессиясында қаралды. Атап айтсақ, аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 27 қыркүйектегі №332 «Ақтөбе облыстық мәслихатының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №349 «Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарында жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың Қағидаларын, абаттандырудың Қағидаларын бекіту туралы» шешімін ауданда жүзеге асыру туралы» шешімінің орындалуы қаралып, тиісті мекеме басшыларына елді мекендер аумақтарында жасыл екпелерді күтіп-ұстау мен абаттандыруда, шешімнің атауында көрсетілген облыстық мәслихатпен бекітілген Қағиданы басшылыққа алып, жұмыстарды одан әрі жүйелендіру және аудандық әкімдікке осы шешімнің ауданда, ауылдық округтерде нақты орындалуын үйлестіру мен бақылау ұсынылды.

Аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 13 наурыздағы №377 «Ақтөбе облыстық мәслихатының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы №84 «Ақтөбе облысының аумағында жануарларды асырау Қағидаларын бекіту туралы» шешімінің Ойыл ауылдық округінде жүзеге асыру туралы» шешімінің орындалуы қаралып, тиісті мекеме басшыларына, шешімде айқындалған талаптарды аса жауапкершілікпен қарап, нақты орындау шараларын қабылдау,ауыл шаруашылығы жануарларын белгіленбеген орындарда және ветеринариялық құжаттарсыз сатуға тыйым салу мақсатында Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің «Жануарларды өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа алу, елді мекендерде жазғы жайылымды тиімді пайдалану және орталықтардағы қараушысыз жүрген жануарларды болдырмау мақсатында жеке тұрғындардың малдарын жаюды «Ақтөбе облыстық мәслихатының 2021 жылғы 24 ақпандағы №16 «Ақтөбе облысы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың қағидаларын бекіту туралы» шешімінің талаптарын бұлжытпай орындау шараларын ұйымдастыру және ауылдық округ орталықтарындағы жергілікті халыққа ауыл шаруашылығы жануарларының аналық (сауын) малдардан басқа малдарын, Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарына сәйкес бағу қажеттілігін түсіндіруді күшейтіп, осы малдарды 2022 жылдың жазғы жайылымдарымен қамтемелеу (жайылымдар басына қоралар мен малшыларға тамдар салу, малдарды суаруға скважиналар орнату және тағы басқалар) шараларын ұйымдастыру ұсынылды.

Осы шешімді орындау барысында кемшіліктерге жол берілгені үшін, Ойыл ауылдық округінің әкімін Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 1-тармағындағы 6)-тармақшасын басшылыққа ала отырып, тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы, аудан әкімі А.Қ.Қазыбаевтың атына 2021 жылдың 5 мамырында №01-4/76 санды қатынасымен ұсыныс жіберілді.

Есепті уақыт аралығында 5 депутаттық сауал туралы шешім қабылданып, тиісті органдарға қаралған заңдылықтарға сәйкес жауап беру үшін жолданды. Қазіргі уақытта 3 депутаттық сауал қанағаттандырылды.

Мәслихат міндеттерінің басым бағыттарын жүзеге асыруда тұрақты комиссиялардың орны ерекше. Өңір тынысына қатысты өзекті мәселелер міндетті түрде тұрақты комиссия отырыстарында қаралады.Аудандық мәслихатта екі тұрақты комиссия жұмыс жасайды. Сонымен қатар, сессияларда қаралатын мәселелер де алдын ала комиссияда талқыланып, шешім жобалары әзірленеді.

Аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық даму, бюджет, халықты әлеуметтік қорғау және аграрлық сала мәселелері жөніндегітұрақты комиссиясының жыл қортындысыбойынша 4 жоспарлы және 9 жоспардан тыс отырыстары өткізілді. Оларда: «Ауданда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю туралы», «Қазақстан Республикасының «Жер кодексінің» талаптарын жүзеге асыру туралы», «Аудандық бюджеттің атқарылуы туралы», «Салық базасын нығайту және аудандық бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайту туралы», «Ауданның 2021-2025 жылдарға арналған аудандық даму бағдарламасы туралы шешімнің орындалуы туралы», «2022-2024 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы»шешім жобасы», «2022-2024 жылдарға арналған Ойыл ауданының ауылдық округтерінің бюджеттерін бекіту туралы» шешім жобасы туралы» және «Әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарларына бағаның өсуіне жол бермеу бойынша шаралар туралы» өзекті деп есептелетін мәселелер қаралып, тиісті шешімдер қабылданды.

Жоспардан тыс 9 отырыста 10 мәселе қаралды. Атап айтсақ:

- ауданда ветеринариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру жұмыстары туралы;

-аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 467 «2021-2023 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;

- ауданішілік жолдардың жай-күйі мен оларды қалыпты жағдайда ұстау туралы;

аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 14 наурыздағы № 262 «Ақтөбе облыстық мәслихатының 2013 жылғы 5 маусымдағы «Ақтөбе облысының қалаларында және басқа да елді мекендерінде иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидасы туралы» № 122 шешімінің ауданда жүзеге асырылуы туралы» шешімінің орындалуы туралы;

- аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 13 наурыздағы № 377 «Ақтөбе облыстық мәслихатының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 84 «Ақтөбе облысының аумағында жануарларды асырау Қағидаларын бекіту туралы» Ойыл ауылдық округінде жүзеге асырылуы туралы» шешімінің орындалуы туралы;

- аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 469 «Қазақстан Республикасының «Кәсіпкерлік кодексінен» туындайтын жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудағы аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі басшысының есебі» шешімінің орындалуы туралы;

- аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 13 наурыздағы № 377 «Ақтөбе облыстық мәслихатының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 84 «Ақтөбе облысының аумағында жануарларды асырау Қағидаларын бекіту туралы» шешімінің Ойыл ауылдық округінде жүзеге асырылуы туралы» шешімінің Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінде орындалуы туралы;

- аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 27 қыркүйектегі № 332 «Ақтөбе облыстық мәслихатының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 349 «Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарында жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың Қағидаларын, абаттандырудың Қағидаларын бекіту туралы» шешімінің ауданда орындалуы туралы» шешімінің орындалуы туралы;

- аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 24 желтоқсандағы №467 «2021-2023 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;

- аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 13 наурыздағы № 377 «Ақтөбе облыстық мәслихатының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 84 «Ақтөбе облысының аумағында жануарларды асырау Қағидаларын бекіту туралы» шешімінің Ойыл ауылдық округінде жүзеге асуы туралы» шешімінің орындалуы туралы. Осы қаралған мәселелер тұрақты комиссия отырыстарында жанжақты талқыланып, сұрақтар қойылып, қаулы жобасы қабылданып, тиісті атқарушы органдарға орындау үшін таратылды.

Сонымен қатар, аудан үшін өзекті мәселелер «Ақтөбе облыстық мәслихатының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарында жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың Қағидаларын, абаттандырудың Қағидаларын бекіту туралы» №349 шешімінің орындалуы туралы» және Ақтөбе облыстық мәслихатының 2021 жылғы 24 ақпандағы «Ақтөбе облысы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың қағидаларын бекіту туралы» №16 шешімінің орындалуы туралы ауылдық округтерде көшпелі отырыстар өткізілді.

Аудандық мәслихаттың білім, мәдениет, денсаулық сақтау, құқық тәртібі және жастар саясаты туралы комиссиясында 2021 жылдың қортындысы бойынша төрт жоспарлы отырыс өткізіліп, онда білім, мәдениет, денсаулық сақтау, құқық тәртібі және жастар саясаты бағытындағы өзекті деп есептелетін мәселелер қаралды. Атап айтсақ:

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңының орындалу барысы туралы аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының есебі;

- Ойыл ауылдық округі әкімінің тұрғындардың қосалқы шаруашылығын дамыту және көктемгі баубақша егу жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі жұмыстары туралы;

- Ойыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 12 маусымдағы № 405 «Ауданда дене шынықтыру және спорттың жағдайы және одан әрі дамыту бойынша шаралар туралы» шешімінің орындалуы туралы;

- ауданда халықты әлеуметтік қорғау бойынша мемлекеттік бағдарламаларды орындауда аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімнің атқарған жұмысы туралы;

- мәдениет саласында атқарылған жұмыстар туралы;

- 2021 жылғы 1 жартыжылдығының жергілікті полиция қызметінің есебі;

- кәмелеттік жасқа толмағандар ісі жөніндегі атқарылған жұмыстары туралы.

Осы қаралған мәселелерге тиісті Заң нормаларының орындалуы жанжақты талқыланып, шешімін таппай, нәтижесі төмен бағыттар бойынша алдағы уақытта тиесілі нәтижеге қол жеткізу мақсатында қаулылар қабылданып, тиесілі атқарушы органдарға орындау үшін таратылды.

Тұрақты комиссиялар ауданның әрі қарай дамуына оңтайлы ықпал ететін әлеуметтік-экономикалық маңызы бар мәселелерді қарауды өздерінің ең басты міндеттері деп санайды.Екі тұрақты комиссияның төрағалары да (С.М.Нұрбаев пен И.Ш.Берғалиев) заңнама талаптарына сәйкес аудандық мәслихат сессиясында жасалған жұмыстары туралы есеп берді.

Сонымен қатар, депутаттармен кестеге сәйкес 2021 жылдың қортындысы бойынша 83 қоғамдық қабылдау өткізіліп, 243 жеке сайлаушылардың өтініштері қабылданды. Оның ішінде, 115 өтініш қанағаттандырылды, 81-не түсінік жұмыстары жүргізілді және47 өтініш қосымша бақылауға алынды.

Аудандық мәслихаттың аппараты ұйымдастырушылық-құқықтық, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады. Мәслихат аппаратының мемлекеттік қызметшілері сессиялардың күн тәртібіне енгізілген мәселелерге байланысты материалдардың орындалу сапасына мән беріп, оны дайындауға тікелей қатысады. Аудандық мәслихат қызметінің жариялылығын, ашықтығын қамтамасыз ету бағытында қазіргі заманғы коммуникациялық технологиялар кеңінен қолданылады, мәслихат жұмысына байланысты материалдар әлеуметтік желілерде (инстаграмм және фейсбук парақшаларында) орналастырылады. Аудандық мәслихаттың жұмыстары туралы нақты ақпараттар жүйелі түрде «uil-maslihat.kz» ресми сайтында жарияланып отырады. Сайлаушылар өзіне қажетті ақпаратты осы ресми сайттан ала алады.

Аудандық «Ойыл» газетіне тұрғындарды ақпарттандыру мақсатында аудандық мәслихат депутаттары М.Б.Омарованың «Көтерме жол. Канадалық әдіс. Жұмыс ұдайы бақылауда», Е.Ж.Жиеналиннің «Nur Otan» «Әр азаматқа лайықты өмір!» Ұсынылады» және аудандық мәслихат аппараты қызметкерлерінің «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару жайында не білеміз?», «Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік қызметші», «Мал жаю тәртібіне бағыну - қазіргі кездегі ең маңызды мәселе», «Жерлеу, зираттарды күтіп ұстау жөнінде не білеміз?», «Ойыл ауданының Құрметті азаматы» атағын беру жайында не білеміз?» атты мақалалары жарияланды.

Аудандық мәслихаттың депутаттары әртүрлі қайырымдылық акцияларына, әлеуметтік жобаларды және аудан тұрғындарының мәселелерін шешуге белсенді қатысып келеді. Есепті кезеңде депутаттар жалпы сомасы 2 млн. 800 (екі миллион сегіз жүз) мың теңгеден астам әртүрлі қайырымдылық көмек көрсетті. Соның ішінде, Қайыңды ауылдық округі Көсембай ауылының тұрғынына 840 (сегіз жүз қырық) мың теңгеге тұрғын үй салу үшін құрылыс материалдарын алып беруге ықпал етілгенін, «Nur Otan» патиясының ғимаратына 230 (екі жүз отыз) мың теңгегегаз кіргізілгенін, «Ақбидай» облыстық VII ауыл спорт ойындарының спортшы жеңімпаздарына 100 (жүз) мың теңге және «Еркін күрес» облыстық шарасын ұйымдастыруға 100 (жүз) мың теңгеқайырымдылық көрсеткенін атап өткен жөн.

Осылармен қатар, облыстық мәслихаттың депутаты, өзіміздің жерлесіміз, «Анвар» ЖСШ-нің директоры, меценат Салфиков Талғат Маратұлының ауданымызға жасаған қайырымдылығын айтпай кетуге болмайды. Ол өз тарапынан аудандағы аз қамтылған отбасыларына арналған жалпы сомасы 2 200 (екі миллион екі жүз) мың теңгені құрайтын азық-түлік салынған жүз әлеуметтік пакет жолдады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «30 игі іс» қайырымдылық акциясы аясында ауданымыздың 30 отбасына, әрқайсысы 30 (отыз) мың теңгенің азық-түлік жиынтығын жіберсе, 115 балаға жаңа жылдық тәтті сыйлықтар мен ойыншықтар жіберді.

# ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІҢ ҮШ БУЫНДЫ МОДЕЛІ




Сыбайлас жемқорлықтың түп-тамырымен жою, оның ұлғаюына жол бермеу үшін көптеген талаптар қойылып, алдын ала шаралар жасалып жатыр. Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі мекемелер басқа елдің сыбайлас жемқорлықпен күресу тәжірбиелеріне сүйеніп, әр түрлі шаралар мен модельдерді үйлестіре отырып, сыбайлас жемқорлықтың себептері мен алғы шарттарын анықтап, оларды жою жұмысын күшейтуде. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де, кемшіліктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар. Ол-әлеуметтілік мәселе. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол-коррупция.

Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, оны қадағалайтын мекемелерде, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, Бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ «Кім кінәлі, басқару органдары ма» әлде «Жемқорды, түрменің түбінде шірітпейтін, денсаулық жағдайын ойлап жеңіл жаза беретін Сот органы ма» деген сан сұрақтар көп.

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Құқықтануда сондай-ақ «corrumpire» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік берсе, орыс тілінің түсіндірме сөздігінде сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында, азаматтарымыздың лайықты өмір сүруіне жағдай жасауға, олардың құқықтарын қорғауға, заң үстемдігін қамтамасыз етуге, жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге міндетті екенін атап өткен болатын. 2021 жылдан бастап шенеуніктердің санын 25 пайызға қысқыртып, үнемделген қаражат есебінен қалған қызметкерлердің жалақысын миллиондатып шарықтатты да.

Нәтижесінде, еңбекақысы аз мемлекеттік қызмет жемқорлыққа әкеп соқтыруы мүмкіндігі ескеріліп, жоба қызметшілердің құлшынысын арттырып, жауапкершілігін нығайта түсуі керек еді.

Әй, әттеген-ай!

Бірақ, жемқорлық көріністері азаюдың орнына жемқорлық соммасының миллиондап шарықтауына әкеп соққаны, сан соқтырады.

Бұл біздің, ұлттық идеологиямыздың нақты еместігін бірден бір дәлелі, өйткені қанағаты қарын тойдырмайтын, санасы төмен жемқор, қанша миллион алса да, ала берсем деп ойлайды.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, сарапшының жалған қорытындысы, жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беру, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде кеңесте *«Жыл сайын Қазақстанда орташа есеппен 2 мыңнан астам сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыстық іс тіркеледі. Мыңнан аса адам жауапқа тартылады. Бұл- батпандап кіріп, мысқалдап шығатын кесел. Осы ауруды қазір шұғыл түрде емдемесек, ертең кеш болуы мүмкін»* деп мәлімдеді Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігін, осы тұрғыда Мемлекет басшысы қоғам өкілдерінің белсене атсалысуы және алдын алу шаралары сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің басты құралдары екенін атап өтті.

Мемлекет тарапынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің де құрылып жұмыс жасап жатырғандығы мәлім.

2021 жылдың 16 сәуіріндегі ел басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөнінде кеңес отырысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды барлық деңгейде тиімді жүргізу үшін кешенді жұмыс атқару қажет екеніне назар аударды. Осы ретте қабылданған шаралар қылмыстық қудалау әрекетімен ғана шектелмеуі керектігін, «follow the money» қағидатының әлеуетіне тоқталып, қылмыстық жолмен алынған мүлікті іздестіру және тәркілеу ісіне баса мән беруді тапсырды.

Президент пайымдауынша қылмыстық процестің үш буынды моделі енгізу, модель айыптаушылық ұстанымды бәсеңдетіп, қылмыстық процеске заңсыз араласуды болдырмайды делініп, Агенттікке өз қызметін қылмыстық процестің үш буынды моделіне бейімдеуді тапсырды.

Бұл өз тарапында қоғам, бизнес және инвесторлардың өздерін сыбайлас жемқорлық қысымынан сақтайтын мықты қорған бар екенін сезінуге үлесен қосатындығы атап өтті.

Нәтижесінде, аз уақыт ішінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Марат Ахметжановтың агроөнеркәсіп секторындағы субсидиялауға қатысты кешенді талдаудың алдын-ала қорытындылары және нақты қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеу нәтижелері туралы ақпараты халық сенімін арттырып, оң баға берілгені жасырын емес.

Мемлекет қазынасына ұрланған миллиардтарды іздеді, тапты, енді тек халықтың салығынан құралып, көтермелеуге берілген субсидия соммасын қайтару ғана қалды. Қайтарылуы да міндетті....

Жемқорлықпен көресудің үш буынды моделі ел игілігене жұмыс атқаратындығына сенуге болады. Тәжірибе көрсеткендей, нақты «проблемалық бағыттарға» көңіл бөлу және оларды шешу сыбайлас жемқорлықты алдын-алудың ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады.

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Алдағы уақытта сыбайлас жемқорлықпен күрес тек атқарушы немесе басқарушы биліктің ғана емес, жалпыұлттық, халықтық мақсатқа айналуы тиіс, тек сонда ғана осы қоғамдық індет тамырына балта шабылады.

**Асхат ӨКШЕБАЕВ,**
**«Заман» жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы.**

# ҚАЙРАН ҚАЛАМЫН!

## (Эссе)

Қайран қаламын!

Жағырапияға «шөлді, шөлейтті жер» деген суреттемесі ілесе жүретін туған жерімді өзегім өртеніп сағынсам мен сағынатын шығармын, басқа ұлттың өкілін сонша тебіренткен бұл не құдырет?!

«Ойыл – теңіз, Ойыл – теңіз,
Қайда ақтың көбік шашып.
Бас бермейтін іштегі асау
Жырларымды ала қашып.
Ойға батып, Ойыл суы
Тыншыр күнің бар шығар.
Менің дағы мұңды өмірім
*Сен сияқты тұншығар",*– деп шырқайды башқұрт бауырлар. Және қай жылдары дейсіз ғой, осыдан жүздеген жылдар бұрын, тіпті одан да әрірек болуы мүмкін. Ол аз десеңіз, құрайшы башқұрттардың шалғайда жүріп, шалғайдағы ұлттың әуенін өзінің ұлттық әуеніне айналдырғанын қайда қоясыз?! Ұлттық сезім мен халықтық сезім адами біртұтас рухани құндылықпен жан-дүниеңді рахат күйге бөлейді. Тек, әттең?! Қашан, қандай жағдайда туғанын айта алмаймыз, өйткені таңбаланып, қағазға түспеген, біржерде бар-ау деп қиялдаудың өзі артық. Сондықтан, ертегі мен аңызға құмарта құлайтынымыз сияқты, Ойыл жайлы сазды әуенге де сондай құмарлықпен жүрек құлақшасын тосамыз. Сонда, бір отты ызың жүректің сонау-сонау түкпірінен мәлім де беймәлім деректерді суыртпақтап тартқандай болады. Бұл кәрі тарих бәріне куә. Тек, өкінішке орай тілқата алмай жатыр. Әйтпесе, Асанқайғының «Ойыл көздің жасы еді, Ойылдан елді өшірдің» деген тарихи толғауын тастай қылып, «мынадай құжатта, мынандай жылы, мына ханның аты аталып, қағаз бетіне түскен» деп күдікшіл қарсыластарымызды тырп еткізбес едік қой. Амалсыз, Алтын Орда дәуірі мен Асанқайғы дәуірінің тұспа-тұстығын, Қобыланды батырдың Ақжол биді өлтіруі мен Керей, Жәнібек хандардың Шу бойына үдере көшуін жаңағы толғаудың тууына себепші болғандай болжам жасаймыз. Жә, кәрі тарихтың жөні бір-басқа, башқұрт баласының атажұртына сағынышын жетім көңіл бесігіне бөлеп, шер тарқатуының жөні бір басқа.

«Ойыл – теңіз, Ойыл – теңіз,
Қайда ақтың көбік шашып.
Бас бермейтін іштегі асау
Жырларымды ала қашып".

Қазіргі әр жер әр жерден үзіліп, жылап аққан Ойылымның теңіздей толқып, көбік шашқан бұла күнін көз алдыма әкелген башқұрт бауырларыма қалай разы болмассың! Сол көк толқынға кеудесін соқтырып, Әжібай бабамның сауранкөктері жүзіп бара жатқандай болады. "Мұрағатқа мұрамыз түспей қалған" деп аузымызды құр шөппен сүрте берсек те, аңыздай ауыз әңгімемен араласып, құм ішіндегі алтынның сынығындай жылт-жылт етіп кездесетін аталық деректер, бәрібір тарихымызды ұмыттырмай, тағылым-тәрбие отауымызды бірте-бірте биіктетіп келеді. Соның бірі жаңағы Ойыл, Сағыз, Жем бойын жаз жайлап, қысқыстаған Әжібай әулие, Алтай, Арал батырларға қатысты әділет пен ерліктің туын жықтырмай, Ойыл бойын жағалай жүріп, бүгінгі күнге жеткен тарих парақтары. Иә, парақтары, орыс-қазақ қарым-қатынастарын баяндайтын құжат түрінде жеткен құнды жәдігерлер. Мен бірақ, бұл жолы ол парақтарды мақсатты түрде парақтамаймын, шыға алмай қалуым мүмкін, мені осы сағаттарда толғандыратыны –жаңағы Ойыл суын көбіктендіріп, шерлі көңілдерін жыр құдыретімен көріктендіріп, халықтық әуенмен қалықтатқан мұң-сағыныш.

Ойға батамын-ау, ойға батамын. Башқұрт бауырлардың тартқан азабын, көрген құқайын тізбелеуге құқым да, құлқым да жоқ, "мың өліп, мың тірілген" қазағымның тастабан тағдырын түгендей алмай жүріп, өзге халықтың тағдырына араласып не тындырамын. Бірақ, тегіне тартпай тұра ма, жыр тыңдап жұлынып алған қаншыл сезім іште аласұрып, шыдатпайды. Ойыл өңіріндегі Әжібай мен башқұрттың бас қорғалап, қашып келген баласы жайлы аңызға бергісіз әңгіме, жүректі шымырлатып еске оралады. Әулие Әжібай жаңағы қорғансыз баланы бауырына тартыпты, алдына мал салып, үстіне алты қанат ақбоз үй тігіпті, Талтоғай деген шұрайлы жерден жер бөлгізіпті. Таңдайы –аққа, басы – баққа дегендей, қашқын бала бақытын осыннан тауып, үбірлі-шүбірлі әулетке айналыпты. Ойыл топырағындағы естек деп аталатындар сол әулеттің басы көрінеді дейді сол аңыз.Тіпті, Елек жағында да Қос естек деп аталатын тұрмысқа жайлы елді мекен бар. Сол Қос естекті де ондағылар башқұрт бауырлармен байланыстырады. Ал, енді белгілі ғалым С.Толыбеков "Қазақ шежіресі" атты еңбегінде бұл аңызды одан әрі тірілтіп, жаңағы қашқын жігіттердің аттарын Сабыр, Балтасар, Жаманша деп нақтылап та жібереді *(Алматы, «Қазақстан», 1992)*. Тіпті, " башқұрттың бас қорғалап, қашып келген баласы жайлы аңыздың" өзі, тарихын індетсең, қаны сорғалаған шайқастарға барып тіреліп, қылыштары қайшыласқан алапат алаңына алып қаша береді.

Бұл алапаттан қай халық бұлтарып құтылды, қазақтың басына түскен нәубаттар башқұрттардан айналып кетті деймісің?! Сонда, "егеулі найза қолға алып","еңку-еңку жер шалып" дұшпанына дауылдай тиген жыршы-батыр Махамбеттей дүрлерді башқұрт аналар дүниеге келтірмеді деймісің?! Солардың бірі – Емельян Пугачев дүбірін одан әрі дүбірлеткен Салават Юлаев. Шашырап жүрген жерінен, шығыстық алпауыт күштердің арқасында өзі де сондай алпауыттар қатарына қосылған орыс империясы тағдырдың жазуымен дүние дөңгелегін кері айналдырғанда,тепкідегі елжұртын азаттық туы астына жинаған Салаваттай ерінің жау қолынан қаза тапқанын башқұрттың ұл-қыздары "мөлдіреп аққан көз жасымыз, туған жеріміздің топырағына сіңе-сіңе мөлдір шыныға айналды-ау!" деп жоқтағаны қазірге дейін аңыздай айтылады. Салаваттың өзі де Махамбет сияқты рухы мықты, қол бастап, қаһарымен жау ықтырған батыр ғана емес, алмас қылыштай атойлы жырларымен қаяу көңілді тіктеп, көгілдір көкке көтерген жыршы еді. Махамбет пен Исатай бола ма, Даттың Сырымы бола ма, әлде мұздай темір құрсанып, "Көктемір" атанған, ұлт кегімен қайралып, қыз да болса қылышқа ұмтылған Мәтеннің Сапурасы, сөз арасында айта кетейін, Сапура Ойыл, Қиыл бойының кекшілдерін азаттық туының астына ұйыстыра алған қайсар қыз, бола ма, тіпті қаны басқа Юлайдың Салаваты бола ма, бәрібір, бәрінің де бір атаның баласындай бірлікпен Орал мен Орынбордан бастап, бүкіл Кіші жүздің рухын оятып, тарихқа азаттық пен азаматтық туын тұмардай тағып кеткен ерлігі бүкіл ерліктің жиынтық жаңғырығындай қайта-қайта еске оралып,қазір де тұла бойды дірілдетеді … әттең, дүние, көп ретте әділетсіз қара күш әділетті ақымітке дес берді ме ... азаттық күресінің туы жығылып, қашқын башқұрттардың бірсы қазақ даласына ығысқанда, олар алдымыздан Әжібай әулиенің құшағындай мейірімді құшақ ашылар деп ойлап па еді?! Ендеше, ойылдық естек-башқұрттардың көбік шашқан көк Ойылды бұлай толқи да шалқи жырлауын түсінуге әбден болады. Қапаста жүрсе де, артына рухани тынысыңды ашатын осындай шымыр шумақтар қалдырған башқұрт бауырлардың асқақ рухына басымды иемін де сол көбік шашқан көгілдір Ойылды қазіргі жылымшы Ойылмен салыстырып, бір сәт еңсеп түсіп кетеді. Табиғат апатынан ба, руханият апатынан ба, шарасыз күйімнің себеп-салдарын қанша қыстыға дәлелдегім келсе де дәлелдей алмай, дал боламын. "О, көбік шашқан Ойыл-теңіз, Ойыл-теңіз, кешір мені" деймін іштей булығып.

Сол сәтте, сол шарасыздықпен арпалысып, тағы бір ой бой кереді. "Уақыт, Уақыт бәріне төреші!".

"*Ойға батып, Ойыл суы*
Тыншыр күнің бар шығар.
Менің дағы мұңды өмірім
Сен сияқты тұншығар".

Жат жерде жан сақтап жүрген пенденің жүрек пернесін баса көрмеңіз, Сәкеннің сыр сандығындағы сағыныш күйі анасынан айрылған ботадай боздап қоя беруі әбден мүмкін ғой. Алайда, бірінші шумақтағы асқақ рухтың жаңғырығы тағдыр тауқыметіне ездірмей,Ойылдың ойға батқан үнсіздігін өздерінің тұншыққан мұңды өміріне теңегенмен, рух құдыретімен қанаттандырып, өміршең болашаққа ұмтылдырады. Сыртта жүрсе де, туған жерге деген сағынышы көбік шашқан көк Ойылдың буырқанған тіршілігіне құшағын аштырады.

*　　　*　　　*

Қайран қаламын! Солай болмауы мүмкін де емес. Оны мынадан-ақ байқайсыз. Сахара сахнасы ешқашан жабылмаған, сайын даласын әнмен, күймен сәндеген қазақ өнерпаздары отырықшы елдің театр өнеріне кештетіп келді деген пікір бар. Қаншалықты рас, қаншалықты теріс, оны кәсіби зерттеушілердің төрелігіне қалдырып, қолымыз жеткен кәдімгі қарапайым деректерге жүгінер болсақ, ол үрдісті заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезовтың «Еңлік-Кебегімен» өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарына жақындатып бастайтынымыз белгілі. Оған да айтылар пікір әралуан. Жә, ойдан ой, даудан дау тудырмай, эссеміз башқұрт бауырлардың Ойыл суына махаббаты жайында өрбігендіктен, осы көңіл күйден ауытқымайық. Ол махаббат 1917 жылғы Жайық бойы саяси аласапыран оқиғалар алаңына айналған сұрғұлт күндердің өзінде Орынбор сахнасын жаймашуақ көңіл-күйге бөлеп, жылт етті. Жылт еткізген – татар әдебиетінің классигі Шариф Камалетдинович Камалдың (Байгильдеевтің) «Сайяр» группасы қойған «Әпенді қажы үйленеді» атты комедиясы.

"Шымылдық ашылды. Комедия басталды. Сахнада бас кейіпкер Желал мандалинмен ән шырқап отыр. Башқұрттың халық әні "Ойыл".

"Құрайшылар құрайларын ойнамас,
Башқұртымның құрайлары
болмаса.
Ер жігіт те түрлі ойларын жырламас,
Жүрегінде мұң мен қайғы болмаса.
Орманыма кірсем, өлең шөп сирек,
Сахарада – таралған нұр, жер ерек.
Өзегім-ай, өршеленер от сүйреп,
Жүрегіме не болған бұл, не керек?!
Арыстан да күйіп бұлай қайғырмас,
Қарсы алдында сара да әсем
тау болса.
Ер жігіт те тұйық та,
ұдай қайғырмас,
Ғазиз басы аман-есен, сау болса...

(Орыс тілінен қазіргі қазақ тіліне аударған Мәди Қайыңбаев).

... ЖЕЛАЛ: Әуені қалай, ұнайма?

НАСИМА: А, а, әуені қалай деймісің … құдайым жар болсын оған … бірақ кім біледі …

ЖЕЛАЛ: Халықтың сүйікті әні, «Ойыл» деп аталады.

НАСИМА: Білемін, білемін …білгенде қандай. Тап солай аталатын жәрмеңке де бар, неге білмейін оны …

ЖЕЛАЛ: (Әнді қайталап салады) Жақсы деймісің, солай де …

НАСИМА: Солай, солай, бәрі тамаша, керемет деді мғой, керемет …

ЖЕЛАЛ: Әуені жайлы сұрап тұрмын... қалай, қалай әуені ...

НАСИМА: Мен де соны … және жәрмеңкені есіме алсам, не айыбы бар? Еш күмәнің болмасын ... ән де, жәрмеңке де ғажап. Ойылдың жәрмеңкесін білмейтін жан баласы жоқ шығар, бәрі, бәрі біледі, көпірің де, шүршітің де… Міне, қарасайшы, қарашы менің мына шапаныма, мұны да сол жәрмеңкеден алған, тамаша дүние! Марқұм туысымыз Хабибрахман-бай сол жәрмеңкеден, бұхар көпесінен өзі барып, әдейі сатып алыпты. Ал, оны маған сол байдың марқұм туысы сыйлады, өйткені мен оның кіші ұлының, күйеу бала атанғысы келіп қуланған қисық аяқ Фархиджиганидің ең кіші қызы болатынмын. Көрмеймісің, қалай құлпырып тұр: олардың өздері отыз жыл бойы иықтарынан түсірмеген, менің де жайнатып киіп жүргеніме де, міне, он бес жыл. Және түгі кететін емес, сол баяғы жап-жаңа күйі. Жылына бір-екі рет сілкілеп, жылтыратып жіберемін де сыланып киіп аламын. Рахат, құлпырып шыға келемін".

Бір ғасырдан асса да, заман талабына орай қайтара өңделгені болмаса әлі күнге дейін сахнадан түспей келе жатқан комедияның өмір жасының ұзара беруін тілеймін. Көбік шашқан көк Ойылдың, ең болмаса, сахнадағы өмірінің ұзаруына тілекші болмау мүмкін бе?

Жалпы, башқұрт бауырларға мың да бір рахмет. Тағдыр тауқыметін тарта жүріп, артына музалық мол мұра қалдырған. Тек қана "Ойыл" әні ме?! Өнер зерттеушісі А.И.Харисовтың: *"Наряду с музыкально-поэтическими производениями "Акмечеть" («Ак мэсет»), «Армия» («Эрме»), «Дикие гуси» (Кырказзары), «Сырдарья» («һыр»), «Эскадрон» и др., «Уил» («Уйыл») относится к серии песен и маршей о службе и военных походах башкир в составе российских войск. Песня носит имя реки Уил, которая берет начало в актюбинских степях Казахстана. Неся линейную службу по охране восточных границ России, башкирские воины часто бывали на этой реке и служили в Уильской крепости. Их чувства и переживания, тоска по родным местам задушевно передаются и в поэтическом тексте песни, особенно в ее мелодии, полной драматизма.»* дегеніне алып, қосатын не бар *(«Литературное наследие башкирского народа» (Уфа, 1973)*. Әнқұдыретінің сыры да осында, халықтық мәңгілік әуенінде ғой деп еріксіз толқыдым. Әрине, орыс армиясы құрамындағы башқұрттардың жорық жырларына саяси астар берудің қажеті жоқтығын оқырманым дұрыс қабылдар деп ойлаймын, ең бастысы әндегі халықтық, ұлттық әуеннің жүректі қалай тербейтінінде, туған жерге деген сағыныштың қандай жағдайда болсын рухани демшісі, рухани сүйеніші бола білгенінде емес пе?!

*　　　*　　　*

Қайран қаламын! «Өмір сахна, біз актёрміз» деген екен бір данышпан. Кім біледі, мүмкін рас та шығар, тарих толқыны қалай соғып, тағдыр тауқыметі қалай есеңгіретсе де, адам баласының жаны сірідей берік, ойыншыл мысықтай қалай лақтырсаң да тақыр жерге төрт аяғымен дік етіп түсе қалады. Түсе қалады да, айналасындағы тіршілікке марғау да самғау көз салады. Сөйтіп, өмір әрі қарай жалғаса береді. Жаңағы, татар қаламгерінің ғұмыры бір ғасырлық комедиясында қазақ өзені мен қазақ жәрмеңкесінің татар көпестерін таңғалдыру сырын мен осыдан іздеймін. Орынбордың татарына келем десе, Ойыл қашық емес, екіжүз шақырымның әржақ, бер жағы және Орынбор жәрмеңкесі мен Көкжар жәрмеңкесі, қазіргі тілмен айтқанда нарықтық бәсекелестер, тіпті Ойыл атаманы Шиповтың бастамасымен, дәлірегі тікелей ұйымдастыруымен Рязань-Орал темір жолы тартылғаннан кейін Көкжардың мәртебесі одан да асқақтап кетті. Тек саудағана емес, тіршілік қамымен жаңа ғасырдың жаңа таңында ұйқыдан оянған қазақ даласы тың серпілістен азаттыққа ұмылған сол аласапыран күндерде Ойылдың да қазақтың бір балапан үкіметінің орталығына айналғаны тарихтан белгілі. Сол үкіметтің іргесін қаласқандардың бірі С.Құтқожинніңқызы, қазақ тіл білімін дамытудың ғұламалық биігіне көтерілген академик Рабиға Сыздықова апама «Ойыл» атты кітабыма алғызсөз жазуын өтініп барғанымда, ол толқып отырып: «Мен Ойылдан үш жасымда кеттім де, кейін туған жеріме барудың сәті түспеді. Бірақ, мөлдіреп аққан Ойыл суы көз алдымнан кетпейді. Әкемнің, анам Жемістің, ағаларым Шафхат пен Хамиттің туған жер туралы айтқан әңгімелерін толқып тыңдайтынмын. Әкем Ойылдың пошты-телеграф орталығын басқарды, Жанша мен Халел Досмұхмедовтер басқарған үкімет ісіне белене қатысты. Жаңағы әңгімелердегі саясатқа қатысты оқиғалар ертегі-аңыздай естілетін. Үш жаста болсам да, белгілі татар ақыны Ғабдолла Тоқайдың әкемнің дастарханында болып, сол күндердің саяси, әлеуметтік ахуалы туралы қалай сырласқаны сол күйінде есімде қалыпты" деген еді. Талантты талант таниды дегендей, рухы мықтылар ғана рухты бойында сақтай алады-ау деп ойладым. Тіл саласында артына орасан мол қалдырған тұлға жайлы басқаша ойлау мүмкін де емес! Осыдан бір ғасырдан астам бұрын "Ойыл" әні шырқалатын комедияның авторы татардың тағы бір классигі Мұса Жалелдің ең жақын досы, кім біледі Мұса Жалелмен Ғабдолла Тоқайға еріп ол да Ойыл топырағында болды ма екен?! Дүниенің төрт бұрышын түгел шарлаған жанкешті саяхатшы Никитинге ұқсап, Шариф Камалетдинович Камал да Ойыл даласының кеңдігіне, көк Ойылдың мөлдірлігіне, мұндағы әлеуметтік те саяси оқиғалардың аласапыран тіршілігіне ойлана да мұңдана көз салдыма екен?! Сол сәттерде башқұрт бауырлардың көбікшашқан Ойыл теңізі жайындағы аңыз-әуен жүрегін толқыттыма екен? Сол әсер, мүмкін рухшыл қаламгердің шығармасына сұранып шыға келді ме?! Таңғалатын не бар, қазіргі пандемия бүкіл әлемді жұдырығында ұстап, экологиялық апаттан қорғануға мықтап үйреткен, Ойылымның мөлт-мөлт еткен көз жасына шарасыздық уайымы қосылған мына заманда, бұдан бір ғасыр бұрынғы башқұрттар жырға қосқан, анаумынау емес, көбік шашқан Ойылымды сағынсам, ешкім мені айыптай қоймас. Кімбіледі, жағдай түзелсе, Адам мен Табиғаттың бір-біріне деген ұлы махаббаты қайта оянса, Ойыл да теңіздей шалқып, қайтадан көбіктеніп шығак елер! Иәсәт, келгей, жеткей сол күн!

**Сырым БАҚТЫГЕРЕЙҰЛЫ.**

# ТІЛ САЯСАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында ұйымдастырылған шаралар қорытындыланды.

Қорытындылау шарасы жақында ғана ашылған аудандық орталық кітапханадағы «Коворкинг» орталығында өтті. Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының орынбасары Шамшырақ Жоламанова келген қонақтарды мерекемен құттықтап, жеңімпаздарды марапаттады. Тарқатып айтсақ, Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту ММ қолдауымен, Ойыл аудандық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен өткен облыстық «Бала би-2021» атты балалардың онлайн шығармашылық байқауында Ойыл қазақ орта мектебінің оқушылары, ынталандыру сыйлығы И.Әділжанов, І орын Айсезім Қуанаева марапатталды.

«Үздік мақала» Құрман орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Гүлнар Мединаева, «Үздік стенд» Ойыл аудандық ауруханасы, «Үздік бұрыш» Екпетал ауылдық модельді кітапханасының кітапханашысы Салтанат Рзина, «Үздік көрме» Көптоғай ауылдық модельді кітапханасының кітапханашысы Аяжан Бақтығалиқызы, «Тіл жанашыры» Ойыл аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің аға кітапханашысы Гүлнара Сағатова марапатталды. Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік - мәңгілік елдің тұғыры» атты аудандық жастар арасында эссе жазу байқауы бойынша ІІІ орын Қ.Сисенбаева, ІІ орын П.Төлепбергенова, І орын А.Серікбаева бағалы сыйлықтармен марапатталды.

# ІНДЕТПЕН КҮРЕСТЕ ІРКІЛІС БОЛМАЙДЫ!

**БҮКІЛ ӘЛЕМДІ ЖАУЛАҒАН, БҮГІНДЕ ҮЙРЕНШІКТІ ЖАУЫМЫЗҒА АЙНАЛҒАН COVID-19 ІНДЕТІНІҢ БЕТІ ӘЛІ ҚАЙТАР ЕМЕС. ӨКІНІШКЕ ҚАРАЙ, ПАНДЕМИЯМЕН АРПАЛЫСҚАН ТАҒЫ БІР ЖЫЛДЫ АРТҚА ҚАЛДЫРДЫҚ . АДАМЗАТТЫҢ АМАНДЫҒЫНА ҚАУІП ТӨНДІРГЕН БҰЛ АЛМАҒАЙЫП, АУЫР КЕЗЕҢДЕ ІНДЕТКЕ ҚАРСЫ ТҮРЛІ АМАЛ ЖАСАЛЫП, КҮРЕС КҮШЕЙЕ ТҮСТІ. ЖЕР ЖАҺАНДА ЖАППАЙ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ ПРОЦЕСІ ЖҮРІП,АУДАНЫМЫЗДА ДА АУЫЗ ТОЛТЫРЫП АЙТАРЛЫҚТАЙ АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС АТҚАРЫЛДЫ.**

Адамзаттың басына қандай зауал төнсе де, одан құтылудың бірден-бір жолы вакцинациялау болғаны тарихтан белгілі. Дүйім дүниені дүрбелеңге салған коронавирус пандемиясына қарсы көп күттірмей түрлі вакцинаның әзірленіп, айналымға енгені – қазіргі кезеңнің үлкен жетістігі.

Бүкіл әлемде басталған вакцинациялау процесінен Қазақтан да қалыспай, ерте қам-қарекетін жасады. 2021 жылдың 1-ақпанынан бастап елімізде коронавирус инфекциясына қарсы вакцинациялау басталды.

Осыған байланысты ауданға 7975 адамды қамту үшін вакциналардың жеткілікті көлемі қамтамасыз етілді. Вакцинациялау басталғанда азаматтар алдымен ресейлік Спутник-V препаратын салдырды. Бұл вакцинаны Қазақстанда Қарағанды фармацевтикалық кешенің базасында өндіру қолға алынды. Кейін халыққа қолжетімді вакциналардың тізімі ұлғайып Qaz-Vak, Hayat-Vak, Коронавак және Sinofarm вакциналары салына бастады.

Жалпы ауданымызда коронавирус инфекциясына қарсы вакцинаның бірінші компоненті 7907 адамға салынды. Бұл вакцина салдыруға болатын халықтың жалпы санының 99,1%-ын құрайды, ал екінші компоненті 6216 адам салдырды, қамтылу пайызы 77,9%.

Бұған қоса жасөспірімдерді, жүкті және бала емізетін аналарды вакцинациялауға қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында Pfaizer компаниясының Comirnaty вакцинасы әкелінді.

Бүгінгі таңда бірінші компонентімен 92 бала, 178 жүкті және бала емізетін әйелдер, екінші компонентпен 42 бала, 84 жүкті және бала емізетін әйелдер вакцина салдырды. Comirnaty (Pfaizer) вакцинасын сақтау ерекшеліктерін ескере отыры, вакцинаны сақтау және тасымалдау ережелерін сақтау бойынша шаралар қабылданды.

**Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы**

# ШОҚЫНУ МЕЙРАМЫН ӨТКІЗУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ



19 қаңтар православ Христиандары үшін ерекше діни мереке. Бұл мерекенің жоралғысы бойынша, шіркеу қызметкерлері таңертең ертемен келіп, мұзы ойылып, арнайы дайындалған өзен ойығына крест салып, кәдімгі қара судың қасиетін арттырады. Бұл мейрамда 19 қаңтар күні православ Христиандары мұзы ойылып, арнайы дайындалған өзен ойығына суға түседі. Алайда осы күні ауданымызданда салқын суға шомылатын азаматтарымызда аз емес.

Осыған орай азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі қауіпсіздік шараларын еске саламыз.

- құтқару қызметтерінің өкілдерінсіз және медицина қызметкерлерінсіз шомылуға;
- суға тікелей мұздан сүңгуге;
- купельді ластау және қоқыстандыруға;
- спирттік ішімдіктер ішуге, мас күйінде шомылуға;
- өзімен бірге иттер мен басқа да жануарларды әкелуге ;
- мұзда, шешіну бөлмелерінде қағаз, шыны және басқа да қоқыстарды қалдыруға;
- жалған дабылды айқайлауға;
- суға шомылатын өзен ойығына автокөлікпен жақындауға;
- 3 адамнан астам топпен шомылуға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**.
- балаларды ойыққа батыруға болмайды;
- мұздағы ойықтың жанында бір уақытта 20 адамнан артық болмауы тиіс;

Сондай-ақ келесі ережелерді сақтауды сұраймыз:

- Ойықта шомылудың алдында денені дұрыстап қыздырып алу керек.
- Ойыққа ыңғайлы, тайғанамайтын және жеңіл көтерілетін аяқ киіммен келу қажет. Аяқтарды өткір тастар мен тұздан қорғайтын, сондай-ақ мұзда сырғып кетпейтін арнайы резеңке төпішкелерді қолдануға болады.
- Ми тамырларының рефлекторлық тарылуына жол бермеу үшін басын суламай мойынға батырған дұрыс. Ешқашан ойыққа басыңызбен секірмеңіз. Суға секіру және суға батыру ұсынылмайды, өйткені бұл температураның жоғалуын арттырады және суықтан соққыға әкелуі мүмкін.
- Суға алғаш рет кірген кезде қажетті тереңдікке тез жетуге тырысыңыз, бірақ жүзбеңіз.
- Ағзаның жалпы салқындауын болдырмау үшін ойықта 1 минуттан артық болмауға тиіс.

**Назар аударыңыз!** Дәрігерлер балаларға суықта шомылуға қатаң тыйым салады! Жас балаларда, әсіресе нәрестелерде терморегуляция жүйесі жетілмеген. Үсу өте тез болады, ал ата-аналар оны байқамауы мүмкін. Мұндай шомылудың салдары өте ауыр жағдай болуы мүмкін: бала пневмониямен, менингитпен немесе орталық жүйке жүйесінің басқа ауруымен ауыруы мүмкін.

Шомылғаннан кейін сүлгімен сүртініп, құрғақ киім киіңіз; ыстық шай ішу керек.

Төтенше жағдайлар туындаған кезде 101, 112 бірыңғай құтқару қызметіне қоңырау шалу қажет.

**Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі**

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1642 дана. Тапсырыс №47
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

# ЖҮРЕК ОРТАЛЫҒЫНДА
## 100 ТРАНСПЛАНТАЦИЯ СӘТТІ ӨТКІЗІЛДІ

Жыл басы Жүрек Орталығында маңызды оқиғамен белгілі болды. 2022 жылдың 13 қаңтарында біздің екі науқастың өміріне мүмкіндік беретін жүрек және өкпе трансплантациясы жасалды.Айта кетейік, бұл Жүрек Орталығының қабырғасында жүргізілген 85-ші жүрек трансплантациясы және 15-ші өкпе трансплантациясы.

Геморрагиялық инсульт алған, яғни миға қан құйылып, кейіннен мидың өліміне әкеліп соқтырған, елорданың 35 жастағы тұрғыны органдардың доноры болды. Донордың туыстарының келісімімен жедел трансплантацияны қажететтін пациенттерге органдарды трансплантациялау жүргізілді.

«Бүгін донордың туыстары мен трансплант-команданың үйлесімді жұмысының арқасында біз екі пациенттің өмірін ұзартуға мүмкіндік алдық. Әр түрлі себептерге байланысты, соңғы жылдары Қазақстанда орган трансплантациясы саны сыни деңгейге дейін төмендеді, сондықтан трансплантацияның жүргізудің әрбір мүмкіндігі–бұл бірінші кезекте жаңа органға өмірлік мұқтаж пациенттер үшін үміт. №1 Көпбейінді қалалық аурухананың командасына жедел ақпарат бергені және донор органдарының өміршеңдігін қолдаудағы кәсіби жұмысы үшін жеке алғысымызды білдіреміз», – дейдіЖүрек Орталығының Кардиохирургия клиникалық-академиялық департаментінің директоры Тимур Лесбеков.

Донорлық органдар екі қазақстандыққа трансплантацияланды. Донордың жүрегі ауыр қайтымсыз жүрек ауруы бар 46 жастағы науқасқа трансплантацияланды: 2018 жылдан бастап жүректің орнына жасанды қарынша жұмыс істеді, өйткені өз жүрегі өзінің негізгі функциясын– бүкіл денені қанмен қамтамасыз етуді орындай алмады.

Өкпе трансплантациясын сирек өкпеауруы идиопатиялық өкпегипертензиясы бар 23 жастағы науқасқа жасалынды. Мұндай жағдайларда өкпе өзінің негізгі функциясын – барлық мүшелерге оттегін жеткізе алмайды және пациент үнемі оттегі қолдауымен жүреді. Қазіргі уақытта екі өйелдің де жағдайы қанағаттанарлық, олар дәрігерлердің бақылауында.

Сондай-ақ, өкпені трансплантациялауға торакалды хирург, «Қалалық Фтизиопульмонология Орталығы» Өкпе-хирургиялық бөлімшесінің меңгерушісі Қаржұбай Әскеров қатысты: «Біздің елімізде өкпе трансплантациясы өте сирек жасалынады, сондықтан мен осы операцияға қатысу мүмкіндігіне өте қуаныштымын. Мен трансплантация процесіне қатысуға шақырғаны үшін Жүрек Орталығындағы әріптестерге ризамын және одан әрі жемісті ынтымақтастыққа үміттенемін».

Жүрек Орталығының хирургия жөніндегі директоры, «UMC»ҚҚ Басқарма төрағасы Юрий Пя бізге жүрек трансплантациясы кезінде дәрігерлер тобы Жүрек Орталығының мамандары әзірлеген донорлық органды сақтаудың жаңа әдісін қолданғаны туралы жаңалықпен бөлісті. «Органдарды трансплантациялау операциялары–бұл уақытқа өте сезімтал процестер. Реципиентті трансплантациялауға дайындау кезінде донорлық жүректі өміршең ету өте маңызды. Жүрек Орталығының командасы донорлық жүректі ұзақ уақыт сақтау әдісін ойлап тапты. Жаңа әдіс жақсы нәтиже берді және біз оны әрі қарай зерттеп, дамытуға ниеттіміз. Мен осы инновациялық идеяның отандық медицина мен ғылымды халықаралық деңгейге шығаруға мүмкіндік беретін және одан да көп адамның өмірін сақтап қалуға көмектесетін донорлық органдарды трансплантациялау саласындағы алғашқы Қазақстандық әзірлеме болу өлеуетіне ие екендігіне шын жүректен сенемін», – бөлісті Юрий Пя.

Орталықта трансплантау бойынша операциялар 2012 жылғы 8 тамыздан бастап жүргізіледі. Осы күннен бастап Қазақстанда қайтыс болғаннан кейінгі донорлық басталады.

Жүрек Орталығының Басқарма төрағасы Махаббат Бекбосынова қазіргі уақытта жүрек және өкпе трансплантациясын түсіндіре отырып, бүгінде органдары трансплантациялауды күту парағында 3500-ге жуық қазақстандық тіркелгенін, оның ішінде 135-і жүрек және 26-сы өкпе трансплантациясын күтетінін атап өтті. Ағзалар мен тіндердің донорлығының арқасында 100 пациент Орталық қабырғасында жаңа өмірге мүмкіндік алды.

**Жүрек Орталығының баспасөз қызметі**



# В ЦЕНТРЕ СЕРДЦА УСПЕШНО ПРОВЕЛИ
## 100 ТРАНСПЛАНТАЦИЙ

Начало года в Центре Сердца ознаменовалось важным событием. 13 января 2022 года были проведены трансплантации сердца и легких, подарившие шанс на жизнь двум нашим пациентам. К слову, это 85-ая трансплантация сердца и 15-ая трансплантация легких, проведенные в стенах Центра Сердца.

Донором органов стал 35-летний житель столицы, перенесший геморрагический инсульт, то есть кровоизлияние в мозг с последующей гибелью головного мозга. С согласия родственников донора, трансплантацию органов провели пациентам, нуждающимся в срочной пересадке.

«Сегодня, благодаря родным донора и слаженной работе трансплант-команды, мы получили возможность продлить жизнь двум пациентам. Ввиду разных причин, в последние годы количество пересадок в Казахстане снизилось до критического уровня, поэтому каждая возможность проведения трансплантации – это, в первую очередь, надежда для пациентов, жизненно нуждающихся в новом органе. Отдельную благодарность выражаем команде Многопрофильной городской больницы №1 за оперативное информирование и профессиональную работу в поддержке жизнеспособности органов донора», - рассказывает Тимур Лесбеков, директор клинико-академического департамента кардиохирургии Центра Сердца.

Донорские органы были трансплантированы двум казахстанцам.Сердце донора было трансплантировано 46-летней пациентке с тяжелым необратимым заболеванием сердца: с 2018 года вместо сердца работал искусственный желудочек, так как собственное сердце не могло выполнять основную свою функцию – адекватно кровоснабжать весь организм. Пересадка легких была проведена 23-летней пациентке с редкой болезнью легких - идиопатическая легочная гипертензия –когда легкие тоже не справляются со своей основной функцией – доставкой кислорода во все органы и пациент находится все время на кислородной поддержке. На данный момент состояние обеих женщин удовлетворительное, они находятся под пристальным наблюдением врачей.

В трансплантации легких также принял участие торакальный хирург, заведующий легочно-хирургическим отделением «Городского Центра Фтизиопульмонологии» Каржубай Аскеров: "Пересадка легких выполняется в нашей стране достаточно редко, поэтому я был очень рад возможности участвовать в данной операции. Я благодарен коллегам из Центра Сердца за приглашение участвовать в процессе трансплантации и надеюсь на дальнейшее плодотворное сотрудничество».

Директор по хирургии Центра Сердца, Председатель правления КФ«UMC» Юрий Пя поделился с нами новостью о том, что во время трансплантации сердца команда врачей применила новый метод сохранения донорского органа, разработанный специалистами Центра Сердца. «Операции по трансплантации органов - это процессы очень чувствительные ко времени. Крайне важно сохранить донорское сердце жизнеспособным, пока реципиента подготавливают к пересадке. Команда Центра Сердца изобрела свой метод сохранения донорского сердца на длительное время. Новый метод дал хороший результат, и мы намерены дальше изучать и развивать его. Я искренне верю, что эта инновационная идея имеет потенциал быть первой казахстанской разработкой в области трансплантации донорских органов, что позволит вывести отечественную медицину и науку на международный уровень и поможет спасти еще больше жизней», - поделился Юрий Пя.

В Центре операции по трансплантации проводят с 8 августа 2012 года. С этой даты берет начало посмертное донорство в Казахстане.

Председатель правления Центра Сердца МахаббатБекбосынова, комментируя нынешнюю трансплантацию сердца и легких, отметила, что сегодня в листе ожидания на трансплантацию органов зарегистрировано около 3500 казахстанцев, 135 из которых ожидают пересадку сердца и26 - легких. Благодаря донорству органов и тканей 100 пациентов получили шанс на новую жизнь в стенах Центра.

**Пресс-служба Центра Сердца**

# ЕЛІМІЗДЕ ВАКЦИНАЛАУ ЖӘНЕ РЕВАКЦИНАЛАУ ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТЫР?



Елімізде Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша коронавируспен күрес жүйелі түрде жүзеге асуда. Алайда «Омикрон» штамы анықталуына байланысты эпидахуал күрт нашарлады. Коронавирус ауруы соңғы екі аптада 41%-ға өскен. Еліміздің 12 өңірінде коронавируспен ауырғандар саны 2,8 есеге артып отыр. Нақтырақ айтқанда, соңғы аптада ауру Нұр-Сұлтан қаласында 9,9 есе, Шымкент қаласында 3,7 есе, Алматы қаласында 2 есе артқан.

ҚР Парламент Мәжілісінің отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бүкіл әлемде коронавирустың жаңа түрінің таралуы басталғанын жеткізді. Қазіргі таңда елімізде аурудың күрт өсімі байқалып, тәулігіне 2 мыңға дейін жаңа жағдайлар тіркелуде. Сондай-ақ, ол пандемияның бүкіл кезеңінде жұқтырғандар саны 1 миллионнаннан астам адамды құрағанын айтып, осы орайда босаңсымау қажеттігін және коронавируспен күресті жалғастыру маңызды екенін атап өтті. 12 қаңтардағы мәлімет бойынша, өңірлердегі эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасына сәйкес, «қызыл» аймаққа Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары, Атырау облысы кірген. Елде 9 026 131 адам коронавирусқа қарсы вакцинаның I компонентін салдырды. Сондай-ақ вакцинаның II компонентін 8 568 324 адам салдырды. Жасөспірімдер арасында вакциналау Pfizer вакцинасы арқылы жүзеге асырылып жатыр. COVID-19 ауруының алдын алу мақсатында 12 жастан бастап және одан үлкен жасөспірімдер, жүкті әйелдер (16-37 апта аралығында) және бала емізетін аналар (босанғаннан кейін 42 күннен бастап) Pfizer вакцинасын салдыруда. Бүгін үкімет отырысында ҚР Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният елімізде коронавирус бойынша эпидемиологиялық жағдайдың күрт нашарлауын ескере отырып, Қазақстанда карантин күшейтілуі мүмкін екенін хабарлады. Оның мәлімдеуінше, халықты вакцинациялау және қайта вакцинациялау үшін шамамен 6,5 млн дозаны қосымша сатып алу бойынша шаралар қабылдануда. «Бүгінгі таңда 14 мыңнан астам инфекциялық төсек-орындарда медициналық көмек көрсетуде. 3000-нан астам науқас ем алуда. Ал елімізде қосымша 50 мыңға дейін төсек-орынды ашуға дайындық бар.Қалыптасып отырған эпидемиологиялық ахуалды ескере отырып, ел ішінде де, мемлекеттік шекарада да қосымша шектеу шаралары енгізілетін болады», - деді Ажар Ғиният. Министрдің мәлімдеуінше, соңғы аптада вакциналау қарқыны бірнеше есе төмендеген. «Вакцинациялау және ревакцинациялау деңгейін арттыру керек. Халықтың осал тобын қорғау үшін ревакцинациялауға арналған вакциналар саны көбейтілді. Тек балалар мен жүкті әйелдер емес, 60 жастан асқан адамдарға ревакцинация үшін Комирнати («Pfizer») вакцинасы ұсынылады», - деді ол. ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы жұқпалы аурулардың алдын алу департаментінің бөлім басшысы Ботакөз Әбдірованың мәліметінше, вакцинациялау 16-18 жастағы жасөспірімдерден басталған. «Ол тегін жүргізілуде. Республика бойынша 2 000 115 адамды коронавирусқа қарсы Pfizer вакцинасымен егу жоспарланды, оның 367 578-і (18,4%) бірінші компонентімен, 157 210 (7,9%) адам екінші компонентімен вакциналанды. Жасөспірімдерді ревакцинациялау мәселесін ғалымдар әлі қарастыруда», - деді Ботакөз Әбдірова. Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жангелді Шаймбетов өңірдегі эпиджағдай, ревакцинация және жасөспірімдер арасындағы вакциналау туралы айтып берді. «Қызылорда облысында ревакцинациялауға 26867 адам қамтылған. Қазіргі таңда 16 765 тұрғын егілді. Оның ішінде 3573-і жасөспірімдер, 1407 жүкті әйелдер, сондай-ақ бала емізетін 1785 ана қамтылған. Ересек тұрғындар арасында вакцинация көрсеткіші 92,3%-ды құрайды», - деді Жангелді Шаймбетов. Оның айтуынша, қазіргі таңда өңірде QazVac, Sinovac және Pfizer вакцинасы қолжетімді. Сондай-ақ, Спутник вакцинасының екінші компоненті бар. Шығыс Қазақстан облысы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті баспасөз қызметінің мәліметінше, 35 мыңнан астам бала Pfizer вакцинасының екі компонентін алған. Өңір бойынша коронавирусқа қарсы вакцинаның бірінші компонентін 909 344 адам салдырған. Ал екпенің екінші компонентін 901 976 адам алды. Сондай-ақ, 73 877 тұрғын коронавирусқа қарсы ревакцинациядан өткен. Облыста иммундық жүйені нығайтуға ревакцинация QazVac, VeroCell вакциналарымен жүргізілуде. Аппараттық кеңес барысында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров Алматыдағы эпидемиологиялық жағдай нашарлап жатқанын жеткізді. Оның сөзінше, қала «сары» аймақта орналасқан. «Халықтың апталық аурушаңдығы 2 есеге артты. Болжам бойынша, мегаполисте індеттің тағы бір толқыны басталды. Алматыда «омикрон» штамының айналымын 20 жастан 39 жасқа дейінгі адамдар арасында жұқтырғандардың үлес салмағының 16,4%-ға, сондай-ақ 15-19 жастағы жасөспірімдер арасында 1,1%-ға күрт өскенін көрсететін жас құрамына жүргізілген талдау растайды», - деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары. Сондай-ақ, ол симптомсыз формалардың өткен жылдың желтоқсан айында 6%-дан 16%-ға дейін өсуі байқалғанын, бұл омикронға да тән және науқастарды уақтылы анықтау мен оқшаулауды қиындатуы мүмкін екендігін жеткізді. «Омикрон штаммы өте тез жұғады, сондай-ақ жастар үшін қауіпті. Қалада халықты коронавирусқа қарсы иммундау жалғасып жатыр. Бүгінгі таңда бірінші компонентпен 1 077 896 адам, екі компонентпен – 1 028 180 қала тұрғыны егілді. Ревакцинация 69 018 адамға жүргізілді», - деді Ержан Бабақұмаров. Сонымен қатар, ол әлемнің жетекші ғалымдары мен сарапшыларының деректері бойынша, қолданыстағы вакциналармен ревакцинация «омикрон» штамымен жұқтыру кезінде асқынған және өлім жағдайларын емдеуге жатқызудан 70%-ға қорғайтынын айтып өтті. Оның сөзінше, Алматыда ұжымдық иммунитеттің деңгейі әлі де төмен 59,4%-ды көрсетеді. ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы жұқпалы аурулардың алдын алу департаментінің бөлім басшысы Ботакөз Әбдірова Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, 2022 жылғы 6 қаңтардағы жағдай бойынша әлемнің 126 елінде «Омикрон» SARS-Cov-2 штамы анықталғанын айтып өтті. Оның сөзінше, «Омикрон» штамының ерекшелігі –жоғары инфекциялық таралуы, қайта жұқтыру қаупінің жоғарылауы. Сондай-ақ, ол «Омикрон» штамының «Дельта» штамынан таралу жылдамдығына тоқталып өтті. «Жоғары тыныс жолдарында (осы жерде вирус бастапқыда енеді) «Омикрон» штаммы «Дельта» штаммына қарағанда 70 есе жылдам көбейеді. Инфекциядан қорғанудың ең бастысы- вакцинацияның аяқталған курсы және COVID-19-ға қарсы уақытылы ревакцинация», - деді Ботакөз Әбдірова. Сонымен қатар, ол вирустың таралу қаупін азайту үшін барлық профилактикалық шараларды сақтау қажеттігін тілге тиек етті. Нақтырақ айтқанда, бетперде кию, әлеуметтік қашықтықты сақтау, қол гигиенасын сақтау, үй-жайларды желдету шараларын қолдану керек. Ботакөз Әбдірованың айтуынша, «Омикрон» штамында әлсіздік немесе шаршау, дене температурасының 38 градусқа немесе одан жоғары көтерілуі, бас ауруы, тәбеттің төмендеуі, жөтел сияқты белгілермен сипатталатыны белгілі болған. «Бұл штамда өкпенің және басқа мүшелердің зақымдануы да мүмкін. Ал, қолданыстағы коронавирусқа қарсы вакциналар ауыр ағымнан да, өлімнен де қорғайды», - деді ол. Ботакөз Әбдірованың мәліметінше, елімізде барлығы COVID – 19 расталған 999 654 жағдайы, ал 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап-11 341 жағдайы тіркелген. Оның ішінде 964 713 науқас емделді (97,8%). 21 884 науқас - емдеуді жалғастыруда. Қайтыс болған науқастар саны - 13 057 жағдайы, ал 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 42 жағдайы тіркелген. Сондай-ақ, барлығы коронавирустық инфекцияның (ПТР) 84 334 ықтимал жағдайы, ал 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап-129 жағдайы тіркелген. 77 264 науқас емделді (97,7%). Маман індеттің бетін тек белсенді вакциналау шарасы ғана қайтаратынын атап өтті. Оның айтуынша, кез келген жастағы адам сырқаттануы мүмкін бұл вирустық ауру адам өмірі мен денсаулығына үлкен қауіп төндіреді. Сол себепті олардың алдын алу маңызды.

Сонымен қатар, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша Еуропада соңғы екі аптада 54 елдің ішінде 38 елде ауру асқынуда. Айта кетейік, елімізде «Омикрон» штамының анықталуына байланысты қосымша шаралар енгізіліп, іске асырылып жатыр. Денсаулық сақтау министрі вакцина алмаған азаматтарды алғашқы вакцинация курсын алуға шақырып, 6 ай бұрын вакцинация алған адамдар ревакцинация салдырғаны абзал екендігін ескертуде.

**Венера ЖОЛАМАНҚЫЗЫ.**
**inform.kz**

# Құттықтау

**Ойыл ауылы, Масатов көшесі №10 үй тұрғыны, музей ардагері Ермағамбетов Болатқа!**



Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі
сізді 70 жасқа толу мерекеңізбен шын жүректен құттықтайды!
70 жасқа толған мерейтойыңыз қайырлы-құтты болсын!. «Қарттары бар ел – қазынасы бар ел" – деген сөз бар халқымызда. Осынау жылдар ішінде өмірдің талай белестерінен табысты өтіп, бүгінде өркен жайған, алып бәйтеректей үлкен бір әулеттің ақылшы тірегі, арқа сүйері болып отырсыз. Жүрегіңізге Алланың нұры құйылып, зор денсаулықпен жасай беріңіз.
Құтты болсын - 70 жасыңыз,
Сексеннің де сеңгірігінен асыңыз.
Қуат алып, денсаулықтың нәрінен,
Жүзіп өтіп жүзге аяқ басыңыз, - деп, музей ұжымы тілек білдіреді.

# ШАШТАҒЫ АҚ ҚЫРАУ 60 ЖАСТЫҢ БЕЛГІСІ МЕ?



Күні кеше ғана мектепке бірге барып, тайқұлындай тебісіп, бозбала жігіт болып бірге жүрген жігіттеріміз 60-қа толып шаштарына ақ қылау кіре бастағанын көріп, әрнәрседе өз уақытымен болатынына көзіміз жеткендей. Соның бірі бала кезден дос болып бірге келе жатқан Андрей Сисенғалиев. Биылғы «Барыс» жылының алғашқы қаңтар айында 60-қа толмақшы. Андрей алғашқы мектеп табалдырығын Ақшатау елді мекеніндегі орта мектептен білім алды. Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылық мамандарын дайындайтын Темір совхоз техникумына мал дәрігері мамандығы бойынша оқуға түсіп, оны ойдағыдай аяқтап, Совет Армиясы қатарында екі жылдық борышын абыроймен өтеп, елге оралды. Келгеннен кейінгі алға қойған мақсаты өзінің туған елінде қызмет ету болды. Сол кездегі аудан орталығында орналасқан Ойыл совхозына мал дәрігері болып жұмысқа орналасты. Андрей бала кезден қасындағы жолдастарына кішіпейіл, үлкенге құрмет, кішіге қамқор, қандай жағдай болсын достарымен бірге жүрді. Еңбек ете жүріп, ұжымдағы тәжірибелі мал дәрігерлері ағаларынан алған тәжірибесін қызметтегі игі істерге жарата білді. Сол кездегі совхоз басшылары Андрейдің еңбегін бағалап, ұйымдастыру қабілетін байқап, Жаңабаз сиыр фермасына меңгеруші қызметіне тағайындады. Ол кезде Жаңабазда орталықтандырылған сиыр фермасында сүт сауылып, аудан ортағылығындағы Маслопром мекемесіне тапсырылып, оны майға айналдыратын, мүйізді қара малдары семіртіліп етке тапсырылатын. Қызығымен қатар қиындығы көп кездесетін мал шаруашылығындағы Андрейдің еңбегі бағаланып ауыл шаруашылығы күндерінде бірнеше рет алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтармен марапатталғанның куәсі болғанбыз. Кейіннен кеңес үкіметі құлап, тоқырау заманы келіп совхоздар ыдырап, бәрі жекенің қолына кетіп жатқан кезде, Андрей де тоқтап қалған жоқ. Заман ағымына сай «Естек» шаруа қожалығын ашып, өз шаруасын жүргізді. Біз білетін Андрей кішіге аға, үлкенге іні, ағайындарының арасында өзіндік беделі бар қамқоршы жанашыр, қолынан келетін жәрдемін аямайтын азамат. Андрей кәсіпкер ретінде ауданның әртүрлі игі шараларына қатысып, тұрмысы төмен от басыларына, спорттық шараларға қаржылай көмек бере біле отырды. Андрей өз кәсібінен қол үзбей аудандағы ветстанция мекемесінде Акшатау елді мекені бойынша мал дәрігері қызметін жалғастырып келеді. Өткен жылы ауыл шаруашылық күні қарсаңында мекемесі еңбегін бағалап төсіне «Еңбек даңқы» төс белгісін тақты. Бұл да көп жылғы ауыл шаруашылығындағы еңбегінің бағаланғаны. Кәзіргі таңда досымыз Андрей жұбайы Мауыт екеуі немере сүйіп отыр. Ұлы Есет от басын құрып ауданның Газ желісі мекемесінде жұмыс жасайды, қыздары жоғары оқу орындарын бітіріп өз мамандықтары бойынша жұмыс жасайды. Досымызға толғалы тұрған 60 жасы құтты болсын деп, отбасына береке тілеп, денсаулықтары зор болып, достығымыз мәңгілік жалғасын тапсын демекпін.

*Игі тілекпен замандас досы Қонақбай Сәттібаев.*

# АЙТАРЫМ БАР!

Қазіргі заман талабына орай өркендеп, түрленіп, сәулеттеніп, қанат жайып келе жатқан Қаратал аулының әдемі көркі, ондағы түрлі түсті шатыр үйлер мен коттежд, жарқын жүзді жандар, кіре берісте орнатылған аққу мойын электр шамдар, жалтыраған асфальт жол-өркениеттің нышанын аңғартып, көңілге нұрлы шуақ сыйлайды.

Зәулім мектеп, модельді кітапхана, мәдениет үйі, балабақша, дүкендер мен мейрамхана, емхана, төрт түлік мал, газдандыру жұмыстары, сары түсті тұрбалар ауылдың көркін ажарландыра түседі. Әсіресе, көрнекі үгіт пен мәдени-ағарту шараларына көп көңіл бөлінеді.

Жақында ақ тарының атасы дүниежүзілік рекордшы Шығанақ Берсеевтің туғанына 140 жыл толуы аталынып өтті. Мұқату, не кемшіліктерді іздеу мақсатында емес, керісінше сол әттеген-айларды түзету мақсатындағы ойларымды баяндайын.

Біріншіден, Шығанақ тойы - Шығанақ аулының тойы. Ауылдағы той жабық есік жағдайында өтті. 135 жылдығы да осылай өткен. Осы жайтты бес жыл бұрын «Актюбинский вестник» пен «Диапозонға» жазғанмын.

Облыс, ауданнан жетпіс шақты адам келгенде, ауылдан жеті ақсақалдың шақырылмауы көңілге қаяу түсірді. Идош Асқар ағам айтқандай «Шығанақ еңбектің паспорты» емес пе еді? Сол бір қонақтан:

- Шығанақ жайлы романды оқыған боларсың? - дегенімде,

- Иә, Сәбит Мұқановтың «Миллионер» романын оқыдым, - дегені бар.

Қонақтардың ішінде Бөкен Жантолы сияқты кезіндегі комбайыншы, аудан чемпионы, «Алтын масақ» төсбелгісінің иегерін де көріп қалдық.

Қазіргі қазақ өміріндегі жүріп жатқан өзгерістер көңілдің таусылмағанымен, суала түскенін білдіретіндей сезіледі: Қазақ көңілі бай еді. Оның көңіл кеңдігі шетсіз-шексіз даладай, ал тазалығы көк аспандай болатын. Адамға тән шынайы көңіл, ізгі ниет, адамгершілік сезім, бұлардың бәрі материалдық өмірдің тасасында қалғандай.

Әлемге танымал саясаткер, АКШ дипломаты Генри Киссенджер: «Қазіргі заманның адамдарында бәрі де бар деп те, және ештеңе жоқ деп те, - айтуға болады. Себебі бізді ештеңе қуандырмайды, біз шынайы бақытты емеспіз. Ал кеңес адамы болса, джинсы, туалет қағазы немесе ысталған шұжық секілді қарапайым заттардың өзіне шын көңілден мәз болатын. Сондықтан кеудесін кере тыныстап, толыққанды өмір сүре алды. Біз оларға жалтыраған аста-төк заттардың арғы жағында капитализмнің жыртқыштық заңдары жасырып тұрған әлемнің есігін аша отырып, адамгершілік сипаттарының бұзылуына себепші болдық», - депті.

Жер бетінде тұщы судың азайып, ауаның ластануы секілді, көңіл тапшылығы келе жатқандай.

Қазақта егіз ұғымда сөздер бар. Олар бірін-бірі толықтырып, айшықтандыра түседі. Мәселен, егемен Қазақ елі десек, Н.Ә.Назарбаев есімі мен Астана ойға орала кетеді. Абай есімі аталса, М.О.Әуезов, сол сияқты, Шығанақ есімі ұлықталғанда Ғабиден Мұстафинды атамау тарихқа қиянат болады.

Жалғыз ағаштан орман болмайтыны, алыпты айналасы аласартпайтыны ақиқат. Олай болса, Шығанақ звеносында еңбек еткен он адамның, «Құрман» ұжымшарының (колхоз) басқармасы Шаңғала Өтегенұлы, Шығанақтың ізбасарлары Зәуре Баймолдина, Қашқын Соқыров т.б. ұрпақтарының осындай шаралардан тыс қалуына таң қалдым. Бұл дегеніңіз аудандық ұйымдастыру комиссиясының білместігі ме, әлде біліксіздігі ме?!

«Шығанақ» романын Қарасу мен Қаратал кітапханаларынан таппадық. Аудандық кітапханада бір-ақ данасы қалыпты. Олай болса, «Шығанақ» романының тиражын көбейтіп, қайта шығару керек! Тойға жиналғандар Қарасуға жете алмады, жол жаман екен. Бұл қонақтар қонақтардың соңы емес, олай болса, осы сегіз-ақ шақырым жолды жөндейтін уақыт келді емес пе?!

Ғабиден Мұстафин шығармашылығы, Шығанақ жайлы жиырма шақты мақала жазыппын. Талай ой-пікірлер айтылды, орындалып жатқаны көңіл көншітпейді.

**Саламат Қомытұлы ШАҢҒАЛА,**
**еңбек ардагері, Қаратал аулы.**